

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ӘОЖ 004:811.512.122'322.4

Қолжазба құқығында

КӘРІБАЕВА АЙДАНА СЕЙІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

**Нейронды машиналық аударма үшін қазақ тіліндегі мәтіндерді
морфологиялық сегментациясының модельдері мен әдістерін құру және
зерттеу**

6D070300 - Ақпараттық жүйелер

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
техника ғылымдарының докторы, профессор Тукеев У.А
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Алматы, Қазақстан

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, Барри Хэддоу,
University of Edinburgh, Эдинбург, Шотландия, Ұлыбритания

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ АКТІЛЕР	4
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР	5
КІРІСПЕ	6
1 ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮШІН МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА МЕН ӘЛЕМДІК ТІЛДЕР АЙМАҒЫНДАҒЫ МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІҢ ҚОЙЫЛЫМЫ	13
1-бөлім бойынша тұжырымдар	20
2 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ CSE-МОДЕЛІН ҚҰРУ	22
2.1 Морфология модельдері	22
2.2 Қазақ тілінің CSE-моделі	25
2.2.1 Есім түбірлі сөздер үшін жалғаулардың толық жиынын шығару	28
2.2.1.1 КТ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік).....	28
2.2.1.2 КС орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – септік)	29
2.2.1.3 КJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – жіктік)	30
2.2.1.4 ТС орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (тәуелдік – септік)	30
2.2.1.5 TJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (тәуелдік – жіктік).....	31
2.2.1.6 CJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (септік – жіктік).....	32
2.2.1.7 КТС орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік - септік)	32
2.2.1.8 КTJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік – жіктік)	33
2.2.1.9 КСJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – септік – жіктік)	34
2.2.1.10 ТСJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (тәуелдік – септік – жіктік)	35
2.2.1.11 КТСJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік – септік – жіктік)	37
2.2.2 Етістікті негіз үшін жалғауларды шығару.....	38
2.2.2.1. Осы шақ үшін жалғауларды шығару.....	38
2.2.2.2 Жалғауларды өткен шақ үшін шығару	39
2.2.2.3 Келер шақ.....	42
2.2.2.4 Есімше үшін жалғаулар жүйесін шығару	45
2.2.2.5 Көсемше үшін жалғаулар жүйесін шығару	59
2.2.2.6 Етістіктің рай формасы үшін жалғаулар жүйесін шығару	60

2.2.2.7 Етістер үшін жалғаулар жүйесін шығару	61
2.2.3 Сын есім, үстеу үшін сөздер туындату аффикстерін шығару	62
2- бөлім бойынша тұжырымдар	63
3 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ CSE-МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕУ МОДЕЛІ МЕН АЛГОРИТМІН ҚҰРУ	64
3.1 Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде морфологиялық сегменттеудің моделін құру	64
3.2 Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде морфологиялық сегменттеу алгоритмін құру	68
3.2.1 Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде стемминг алгоритмін құру.....	68
3.2.2 Қазақ тіліндегі мәтінді морфологиялық сегменттеу алгоритмін құру	69
3-бөлім бойынша тұжырымдар	72
4 СЕГМЕНТТЕУ ТӘСІЛІ ЖӘНЕ НЕЙРОНДЫҚ МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ	73
4.1 Нейронды желі модельдері	73
4.1.1 Рекуррентті нейронды желілер	73
4.1.2 Тізбектіліктен тізбектілікке (seq2seq) моделі.....	75
4.1.3 Ұзақ мерзімді есте сақтау желілері (LSTM).....	77
4.2 Машиналық оқытуға мәліметтерді дайындау	79
4.3 Эксперименттік тәжірибелер	81
4.4. CSE-негізіндегі сегменттеудің программалық жабдықтамасы	83
4.5. Алынған нәтижелер талдауы	86
4-бөлім бойынша тұжырымдар	87
ҚОРЫТЫНДЫ	88
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	89
А ҚОСЫМШАСЫ	95
Б ҚОСЫМШАСЫ	96

НОРМАТИВТІ АКТІЛЕР

Берілген диссертацияда келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер қолданылды:

Қазақстан Республикасы МЖМБС 5.04.034-2011. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Докторантура». Негізгі ережелер ҚР БҒМ бекітілген. 17.06.2011 ж. №261. Астана, 2011 ж.

«Диссертацияны безендіру нұсқаулығы», Қазақстан Республикасы БҒМ ЖАК 28 қыркүйек, 2004 жыл. №377-3 ж.

ГОСТ 7.32-2001. Ғылыми зерттеу жұмысының есебі. Безендіру ережелері мен құрылымы.

ГОСТ 7.1-2003. Библиографиялық таспа. Библиографиялық сипаттау.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

- NMT – neural machine translation
- HMA – нейронды машиналық аударма
- CSE – Complete set of endings (жалғаулардың толық жиынтығы)
- WMT – world machine translation (әлемдік машиналық аударма симпозиумы)
- BPE – byte-pair encoding (жұптық байттық кодтау)
- РНЖ – рекурентті нейронды желі
- seq2seq – sequence to sequence (тізбектіліктен тізбектілікке)
- LSTM – long-short term memory
- BLEU – Bilingual Evaluation Study (бір табиғи тілден екінші табиғи тілге автоматты түрде аударылған мәтіннің сапасын бағалауға арналған бағалау метрикасы)

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Машиналық аударма - жасанды интеллекттің басты бір есебі. Нейронды машиналық аударма қазіргі таңдағы машиналық аударма түрлерінің ішіндегі танымал және кең таралған әдіснама болып табылады.

Қазіргі уақытта кез-келген елдің экономикасы айтарлықтай дәрежеде қолданылатын технологиялардың интеллектуалды әлеуетімен анықталады, олардың арасында жасанды интеллект технологиялары маңызды болып табылады. Қазақстан үшін машиналық аударма мәселесі өте өзекті болып табылады, өйткені қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік кеңістікке белсенді еніп жатыр және саясаттың, экономиканың, өнеркәсіптің, әлеуметтік саланың әр түрлі салаларында заманауи ақпаратты аудару қажеттіліктері жыл сайын өсіп келеді. Қазіргі оқулықтар мен ғылыми-техникалық әдебиеттерді қазақ тіліне уақтылы аудару мәселесі өткір қойылып отыр, өйткені білім беру саласында қазақ тілі басым бола бастады. Бір жағынан, Қазақстандағы аудармашылар құрамы әлемдегі жетекші тілдерден қазақ тіліне аударманың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін өтеуге жеткіліксіз, екінші жағынан, машиналық аударма бағдарламаларымен аударма өнімділігін жақсарту қажет. Осыған байланысты қазақ тілінің жоғары сапалы машиналық аударма жүйелерінің өзектілігі өте маңызды, әсіресе ағылшын және орыс тілі сияқты Қазақстан үшін өзекті болып табылатын тілдер.

Машиналық аударманың көптеген мәселелері толық түсінілмеген және тілдің ерекшеліктеріне байланысты егжей-тегжейлі қарастыруды қажет етеді. Машиналық аударма жүйелері әрдайым мәселені дәстүрлі әдістермен шеше алмайды. Ережеге негізделген машиналық аудармада барлық ережелер ескерілмеуі мүмкін; статистикалық аудармада дұрыс аударма әрқашан контекстпен анықтала бермейді. Бүгінгі күні нейрондық желілерді қолдану көптеген пәндік аймақтарда танымал болып табылады және машиналық аударма да кең қолданыс табуда.

Машиналық аударма мәселелерін шешудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы, тілдердің грамматикалық ережелеріне негізделген тәсіл; аударылған тілдердің ықтималдық фразалық кестесін табудың статистикалық тәсіліне негізделген статистикалық машиналық аударма тәсілі; аударма тілдерінің нейрондық желілерін оқытуға негізделген нейрондық машиналық аударма тәсілі. Осы тәсілдердің әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Соңғы кезде машиналық аудармада нейронды желілерге негізделген нейронды машиналық аударма ең жақсы нәтижелерді көрсетуде. Машиналық аударма мәселесі әлі жеткілікті жоғары деңгейде, кәсіби аудармаға жақын шешілмегендіктен, машиналық аударма мәселесі өте өзекті болып табылады. Машиналық аударма мәселесін шешу, табиғи тілді түсіну сияқты жасанды интеллекттің басқа да өте маңызды мәселелерін шешуге жол ашатындығын атап өткен жөн.

Нейрондық желілерді құру мидың принциптерін зерттеумен тығыз байланысты болып келеді. Алайда, адамның миымен салыстырғанда жүйке

желісі өте жеңілдетілген модель болып табылады, бірақ оған қарамастан, ол әртүрлі мәселелерді шешуде өте сәтті қолданылады.

Нейронды машиналық аударманың негізінде матрицалық есептеулерге негізделген қайталанатын нейрондық желілердің механизмі жатыр, бұл статистикалық машиналар аудармашыларына қарағанда едәуір күрделі ықтималдық модельдерін құруға мүмкіндік береді. Нейрондық машиналық аударма бағыты табиғи тілді өңдеудің өзекті тақырыбы болып табылады, өйткені нейронды машиналық аудармасы ережеге негізделген және статистикалық машиналық аудармадан асып түседі.

Табиғи тілді өңдеу проблемаларында бірқатар өзекті мәселелер бар. Аударма сапасын жақсарту мақсатында кең таралған және қолданылатын тәсілдің бірі: сегменттеу. Табиғи тілді сегменттеу есебі лингвистикасындағы өзекті зерттеу тақырыбы болып табылады және бүгінгі күнге дейін ашық мәселе болып қала береді. Көптеген әдістер тілдің морфологиялық ерекшеліктерін ескермейтін жиіліктік сегменттеуді ұсынады. Бұл әдіс ВРЕ (байт-жұптық кодтау) әдісін қамтиды. ВРЕ негізіндегі сегменттеу агглютинативті тілдер үшін жақсы нәтиже бермейді. Жұмыста қазақ тілінің морфологиялық ерекшеліктеріне негізделген CSE (Complete set of endings - жалғаулардың толық жиынтығы)-модель негізінде сегменттеу әдісі ұсынылған.

Сөздіктер нейронды машиналық аудармада маңызды рөл атқарады. Алайда үлкен сөздікке едәуір жады қажет, бұл нейронды машиналық аударманы қолдану мүмкіндігін шектейді және жадыда қате тудыруы мүмкін. Бұл шектеуді әр сөзді параллель корпустарда морфемаларға бөлу арқылы шешуге болады. Нейронды машиналық аударманы оқыту кезінде тиісті нейронды машиналық аударма сөздігінің көлемі тез артады; сондықтан компьютер жадының шамадан тыс қорын қажет етеді. Сондықтан бұл зерттеу түркі тілдері үшін жалғаулардың толық жиынтығына (CSE) негізделген жаңа морфологиялық сегменттеу тәсілін ұсынады, бұл бастапқы корпустардың сөздігін азайтады, тиісінше, қажетті жад көлемі азаяды.

Машиналық аудармада бірнеше алдын ала өңдеу сатылары бар. Мәтінді сегменттеу - сөздік қорын азайтуға арналған машиналық аудармаға дайындық кезеңдерінің бірі. Сегменттеу мәселесі талдамалық тілдер үшін көптеген тәсілдермен зерттелген, ал агглютинативті тілдер үшін, дәлірек айтсақ түркітілдес үшін, зерттеу көлемі аз. Нейрондық желілер әдетте сөздердің көп бөлігін аударма тіліне аудару үшін үлкен сөздік құрады. Нейрондық машиналық аудармада сегменттеу мәселесі нейронды желілерін сөздік көлемін азайтуға, сонымен қатар белгісіз және сирек кездесетін сөздердің мәселелерін шешуге арналған. Берілген мәтін бойынша сегменттеу осындай шешімдердің бірі болып табылады. Сондықтан нейронды машиналық аудармада мәтінді сегменттеудің **өзектілігі** артып келеді.

Түркі тілдері агглютинативті болып табылады, сондықтан оларды нейрондық машиналық аудармаға қиындық туғызады, өйткені сөздік құрамға барлық дерлік сөздерді енгізу қажет. Әдетте нейронды машиналық аударманы оқыту кезінде сөздік қорын ұлғайту арқылы жетілдіріледі. Дегенмен, егер

сөздік қоры едәуір көп болса, жад толып кетеді, соның салдарынан жады қатесі пайда болады. Бұл жады қатесін сөздерді сегменттеуді жасау арқылы болдырмауға болады.

Қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасында аударманың жеткіліксіз болуының бірқатар себептері бар.

Біріншіден, қазақ тіліндегі нейрондық машиналық аударма жүйесінің сапасын бағалауға арналған жоғары сапалы параллельді корпустардың көлемінің жеткіліксіздігі.

Екіншіден, агглютинативті тілге жататын қазақ тілі, ағылшын тілімен салыстырғанда, мүмкін болатын сөз формаларының саны бойынша өте көп. Қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасында тілдің лингвистикалық (морфологиялық) ерекшеліктерін ескеру қажет, өйткені басқа әдістер аударманың сапасына әсер ететін дұрыс сегменттеуді қамтамасыз етпейді. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қазақ тілінің мысалында Түркі тілдеріндегі сегменттеуді жетілдіру алгоритмдерінің, әдістерінің қажеттілігі өте өзекті деген қорытынды алынды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты. Лингвистикалық ерекшеліктері негізінде қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасының сапасын жақсарту үшін модельдер, алгоритмдер мен бағдарламалық қамтамасыздандыру ісін құру.

Зерттеудің міндеттері. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді орындау қарастырылады:

1) Жалғаулардың толық жиынтығына (CSE – Complete Set of Endings) негізделген қазақ тілінің морфологиясының тілдік моделін жетілдіру (қазақ тілінің мүмкін жалғаулар тізімін кеңейту);

2) Қазақ тілі морфологиясының CSE-моделі негізінде морфологиялық сегменттеу моделі мен алгоритмін құру;

3) Нейрондық машиналық аударма платформасында айқындалған тапсырмалар бойынша эксперименттер жүргізу және жасау.

Зерттеу объектісі: қазақ тілі.

Зерттеу пәні. Қазақ тілі үшін нейронды машиналық аударма.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдісі ретінде комбинаторикалық талдаудың сандық әдістері, машиналық оқыту, нейрондық желілер қолданылды.

Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы:

1) Тіл жалғауларының толық жиынын құрумен ерекшеленетін мүмкін болатын жалғауларды қарастырудың негізінде қазақ тілі морфологиясының жетілдірілген есептеуіш моделі әзірленді.

2) Танымал әдістер мен алгоритмдерден жалғаулардың толық жиынын шешімдер кестесін ретінде құрумен ерекшеленетін және нейрондық машиналық аударма сөздігінің көлемін қысқартуға мүмкіндік беретін қазақ тілі морфологиясының жетілдірілген есептеу моделіне негізделген морфологиялық сегменттеу әдісі мен алгоритмі әзірленді. Бұл нейронды машиналық аударманы үлкен көлемді кіріс мәліметтерде (сөздіктің үлкен көлемінде) оқытуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Бұл жұмыстың теориялық маңыздылығы қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, морфологиялық сегменттеудің универсалды жаңа әдісін жасауда жатыр. Жасалған CSE-моделі негізіндегі морфологиялық сегменттеу әдісін басқа Түркі тілдерге де қолдануға болады.

Жұмыстың практикалық маңызында нейронды машиналық аударманы сегменттелген мәтін негізінде оқыту жады көлемін ұдайы (шамамен екі есе) азайтады және жадымен қателіктерді болдырмауында.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдама. Қазақ тіліндегі сөздерді морфологиялық сегменттеудің жаңа моделі мен алгоритмі, қазақ тіліндегі сөздерді сегменттеудің ұсынылған моделі мен алгоритмінің тиімділігін растайтын қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасы бойынша тәжірибелердің нәтижелері.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасын құру және зерттеу» тақырыбы бойынша (2017-2020 жж.) гранттық зерттеу жобасы аясында жүргізілді.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері 21 еңбекте жарияланған. Оның ішінде 3 журналдық мақала (Scopus: Q2; CiteScore-2.5; Percentile- 73%, Scopus: Q2; CiteScore 4.2; Percentile-64%, Scopus: Q3; Citescore: 2.0; Percentile: 37%), бақылау комитеті салалық білім және ғылым саласында ұсынылған журналдардағы 4 мақала, Web Science and Scopus мәліметтер базасына енгізілген 6 конференция мақалалары, және халықаралық конференциялардың материалдарындағы 8 басылымы жарыққа шықты. Жарияланған мақалалар келесідей:

Scopus базасындағы журналдық мақала:

1) Tukeyev U., Karibayeva A., Zhumanov Zh. Morphological segmentation method for Turkic language neural machine translation. *Cogent Engineering*, 2020, 1 том, номер №1. (Scopus:Q2; CiteScore-2.5; Percentile- 73%)

2) Turgangayeva A., Rakhimova D., Karyukin V., Karibayeva A, Turarbek A. Semantic Connections in the Complex Sentences for Post-Editing Machine Translation in the Kazakh Language. *Information* 2022, 13(9), 411; <https://doi.org/10.3390/info13090411>(Scopus: Q2; CiteScore 4.2; Percentile-64%)

3) Rakhimova D., Karibayeva A. Aligning and extending technologies of parallel corpora for the Kazakh language. *Eastern-European Journal of Enterprise Technologies*, 2022, 4(2-118), стр. 32–39 (Scopus: Q3; Citescore: 2.0; Percentile: 37%)

Бақылау комитеті салалық білім және ғылым саласында ұсынылған журналдарда:

1) Karibayeva A., Rakhimova D., Abduali B., Amirova. Анализ машинного перевода казахского языка. *Вестник КазННТУ №3 (127), КазННТУ имени К. И. Сатпаева*, 2018, 90 - 96 б.

2) Рахимова Д., Тұрарбек А., Карюкин В., Карибаева А., Тұрғанбаева Ә. Қазақ тіліне арналған заманауи машиналық аударма технологияларына шолу. Вестник КазННТУ, №5 (141) 2020. -стр. 103-110.

3) Абдуали Б.А., Әмірова Д.Т., Рахимова Д.Р., Кәрібаева А.С. Қазақ тіліндегі мәтінді ресурстар мен құжаттарды аналитикалық өңдеу. Вестник КазННТУ, №2(132), 2019, стр. 356-362.

4) Karibayeva A., Karyukin V., A. Turgynbayeva, A. Turarbek. The translation quality problems of machine translation systems for the Kazakh language. Journal of Mathematics, Mechanics and Computer Science, [S.l.], v. 111, n. 3, p. 132-140, oct. 2021. ISSN 2617-4871.

Web Science және Scopus базасындағы конференциялар:

1) Tukeyev U., Amirova D., Karibayeva A., Sundetova A., Abduali B. Combined technology of lexical selection in rule-based machine translation. Computational Collective Intelligence: 9th International Conference, ICCCI 2017, Nicosia, Cyprus, September 27-29, 2017, Proceedings, Part II (Lecture Notes in Computer Science) 1st ed. 2017 Edition, Springer, p. 491-500 (Q3, SJR=0.25, CS=1.8, Percentile-50%).

2) Tukeyev U., Karibayeva A., Abduali B. Neural machine translation system based on synthetic corpora. CMES-2018, Poland, Kazimeirz Dolny, 2018, MATEC Web of Conferences. 252. 03006. 10.1051/matecconf/201925203006 (Web of Science).

3) Tukeyev U., Turganbayeva A., Abduali B., Rakhimova D., Amirova D., Karibayeva A. Lexicon-free stemming for Kazakh language information retrieval. DOI:10.1109/ICAICT.2018.8747021.AICT-2018, Kazakhstan, Almaty (Scopus).

4) Tukeyev U., Karibayeva A. Inferring the Complete Set of Kazakh Endings as a Language Resource. Proceedings of International Conference on Computational Collective Intelligence, 2020, p. 741-751 (Q4, SJR=0.209, CS=0.9, Percentile – 16%)

5) Tukeyev U., Karibayeva A., Turganbayeva A., Amirova D. Universal Programs for Stemming, Segmentation, Morphological Analysis of Turkic Words. Computational Collective Intelligence. ICCCI 2021. Lecture Notes in Computer Science, vol 12876. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-88081-1_48 - p. 643–654 (Q3, SJR=0.25, CS=1.8, Percentile-50%).

6) Rakhimova D., Karyukin V., Karibayeva A., Turarbek A., Turganbayeva A. The Development of the Light Post-editing Module for English-Kazakh Translation. DOI: <https://doi.org/10.1145/3492547.3492651>. ICEMIS'21: The 7th International Conference on Engineering & MIS 2021, Almaty, Kazakhstan, October 2021 (**Scopus**)

Халықаралық конференциялар

1) Tukeyev U., Sundetova A., Abduali B., Karibayeva A., Amirova D. Technology of the structural machine translation rules generation, based on the complete set of Kazakh endings // Информатика және қолданбалы информатика:

Халықаралық ғылыми конференция материалдары (27-30 қыркүйек 2017 ж). 2-бөлім. - Алматы, 2017, - 38 б.

2) Tukeyev U., Zhumanov Zh., Karibayeva A., Amirova D., Sundetova A., Abduali B. Формирование двуязычного словаря многозначных слов для машинного перевода казахского языка” The Vth International Conference on Computer Processing of Turkic Languages “TurkLang 2017”, 18-21 October, Kazan, Tatarstan.

3) Tukeyev U., Zhumanov Zh., Rakhimova D., Karibayeva A., Amirova D. Complex technology of machine translation resources extension for the Kazakh language. Varia Informatica 2017 №1, ISBN 978-83-936692-3-3, Lublin, 14 стр

4) Karibayeva A., Abduali B., Amirova D. Formation of the synthetic corpora for Kazakh on the base of endings complete system. TurkLang-2018, Uzbekistan, Tashkent, pp. 153 – 161.

5) Рахимова Д.Р., Турарбек А., Карибаева А., Карюкин В. Технологий машинного перевода и постредактирования казахского языка. Глава в коллективной монографии «Современные методы и подходы обработки казахского языка» КГТУ, Бишкек 2021

Диссертация нәтижелері мына төмендегі ғылыми-әдістемелік конференцияларда талқыланды:

1) The II International Conference “Computer Science and Applied Mathematics” атты халықаралық конференция, Қазақстан, Алматы, 2017 ж.;

2) Computational Collective Intelligence: 9th International Conference, (ICCCI 2017) атты халықаралық конференция, Никозия, Кипр, 27-29 қыркүйек, 2017 ж.;

3) The Vth International Conference on Computer Processing of Turkic Languages “TurkLang 2017” атты халықаралық конференция, Татарстан, Қазан, 2017 ж.;

4) International Conference of Computational Methods in Engineering Science (CMES-2018) атты халықаралық конференция, Польша, Казимеж-Дольны, 2018 ж.;

5) Түркі тілдерін компьютерлік өңдеуге арналған халықаралық конференция TurkLang-2018, Өзбекстан, Ташкент, 2018 ж.

6) Application of Information and Communication Technologies (AICT-2018) атты халықаралық конференция, Қазақстан, Алматы, 2018 ж.

7) Түркі тілдерін компьютерлік өңдеуге арналған халықаралық конференция TurkLang-2019, Қрым, Симферополь, 2019 ж.

8) International Conference on Computational Collective Intelligence атты халықаралық конференция, Вьетнам, Да Нанг, 2020 ж.

9) 13th International Conference on Computational Collective Intelligence атты халықаралық конференция, Греция, Родес, 2021 ж.

10) ICEMIS'21: The 7th International Conference on Engineering & MIS 2021 атты халықаралық конференция, Қазақстан, Алматы, 2021 ж.

Зерттеушінің жеке үлесі. Ізденуші диссертациялық жұмыстың қойылған міндеттерін шешті. Қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасында мәтінді

морфологиялық сегменттеудің моделі мен әдісі әзірленді. Нейронды машиналық аударма жүйесінде оқыту мен тестілеуге арналған қазақ тіліндегі параллельді мәтіндер корпусы құрастырылды. Әзірленген модель мен әдістің тиімділігін анықтау мақсатында эксперименттер жүргізілді. Қазақ тілі үшін CSE (complete set of endings)-моделі негізінде жалғаулардың толық тізімі құрылды.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертация кіріспеден, 4 тараудан және қорытындыдан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 173 беттен, 11 суреттен, 54 кестеден, 79 қолданылған әдебиеттен тұрады.

Кіріспеде жұмыстың өзектілігі анықталып, тақырыпқа байланысты мәселелер көрсетілді. Жұмыстың идеясы, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы, зерттеу әдістері көрсетіледі.

Бірінші тарауда нейронды машиналық аударманы жақсартудың қолданыстағы технологияларын зерттеу және талдау сипатталған. Машиналық аудармада сегменттеу және тілдің морфология моделі саласындағы зерттеулерге аналитикалық шолу жасалынды. Әдістердің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері анықталған.

Екінші тарауда тіл морфологиясын сипаттауда қолданылатын моделдер талданылған. Морфология модельдерін ескеріп, қазақ тілі морфологиясының жалғаулардың толық жүйесіне негізделген тілдік моделін жасау жұмыстары сипатталған.

Үшінші тарауда жалғаулардың толық жүйесінің (CSE) моделін пайдалана отырып, морфологиялық сегменттеудің моделі мен алгоритмін құру жұмыстары жүргізілді. Морфологиялық сегменттеудің қадамдық алгоритмі жасалды. Қате сегменттеуді болдырмас үшін ерекше сөздер сөздігі жасалды.

Төртінші тарауда қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасы жүйесін оқыту үшін бағдарламалық құрал таңдалды, қазақ тіліндегі мәтіндерді сегменттеудің бағдарламасы сипатталынады. Нейронды машиналық аударма жүйесін оқытуда қолданылатын негізгі нейронды желі модельдері сипатталған. Оқыту процесі Tensorflow кітапханасындағы қайталанатын нейрондық желілерге негізделген seq2seq моделімен жүзеге асырылған. Құрылған әдіспен (CSE) және басқа әдіспен (BPE) тәжірибелер сипатталған. Тәжірибе нәтижелеріне талдау беріледі. Нейрондық машиналық аударманың сапасын анықтау үшін сегменттеу әдісін, атап айтқанда BPE-мен салыстыру бойынша эксперименттік жұмыс жүргізілді, BLEU метрикасында сапа нәтижелері алынды.

Қорытындыда диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары берілген.

Алынған ғылыми нәтижелер әртүрлі оқыту конфигурациялары бар эксперименттермен расталады. Зерттеудің негізділігі мен сенімділігі әзірленген әдістің нәтижелеріне сәйкес келеді.

Автор ғылыми кеңесшілерге: техника ғылымдарының докторы, профессор У.Тукеевке және шетелдік жетекші Б.Хэддоуға тапсырма қойылымын анықтағаны және жұмысты жазудағы қолдауы үшін ризашылығын білдіреді.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮШІН МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА МЕН ӘЛЕМДІК ТІЛДЕР АЙМАҒЫНДАҒЫ МАШИНАЛЫҚ АУДАРМА ЗЕРТТЕУЛЕРІНЕ ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІ ҚОЙЫЛЫМЫ

Қазақ тілі өзінің сөздік қорына, морфологиясына және синтаксисіне өте бай. Бұл ғылым салаларының әрқайсысы машиналық аударманың нақты мәселелерімен байланысты. Синтаксис құрылымдық трансформация мәселесін шешумен, лексика мен морфология морфологиялық сегменттеу мәселесімен және т.б. байланысты [1]

Нейрондық машиналық аударма қазіргі уақытта айтарлықтай нәтижелері бар машиналық аударма технологиясы болып табылады [2]. Алайда нейрондық машиналық аударманың сапасы нейрондық машиналық аударма жүйесін оқытуға арналған кіріс деректерінің көлемімен айтарлықтай анықталады.

Қазіргі уақытта нейрондық машиналық аударманы жүзеге асыру үшін жеткілікті лингвистикалық ресурстары бар тілдер бар. Мысалы: ағылшын, неміс, француз, қытай және т.б.

Алайда, нейрондық машиналық аударма жүйесін оқытуда лингвистикалық ресурстары аз тілдер саны аз емес. Бұл ресурсы төмен тілдер үшін машиналық аударма сапасын жақсартуында мәселелер туғызады. Сонымен бірге нейрондық машиналық аударманы жүзеге асыру үшін есептеу жүйесінің ресурстары түрінде шектеулер бар. Бұл шектеу бастапқы мәліметтер көлемінің ұлғаюынан және сәйкесінше машиналық аударма жүйесінің сөздігінің көлемінің ұлғаюынан басталады. Бұл мәселе дайындыққа арналған бастапқы мәтіннің сөздерін морфологиялық сегменттеу арқылы лексиканың көлемін азайту арқылы шешіледі және әдебиетте осындай әдістердің бірқатары сипатталған. Бұл мәселе әсіресе агглютинативті тілдердің нейрондық машиналық аудармасына қатысты, өйткені қолданыстағы әдістер оны тиімді шеше алмайды.

Морфологиялық сегменттеу мәселесін шешуге бағытталған дәстүрлі әдістер негізінен тіл элементтерінің статистикалық сипаттамаларына сүйенеді.

Деректерді қысу дискілік кеңістікті кеңейту және деректерді тасымалдауды жылдамдату тәсілі ретінде маңыздырақ болып келді. Алғаш қысу алгоритмі [3] жұмыста сипатталды. Бұл алгоритм қазіргі таңда нейронды машиналық аудармада де-факто болып саналатын жұптық байтты кодтау (BPE) алгоритмінің құрудың бастамасы болып саналады.

Жоғарыда айтып кеткендей, нейрондық машиналық аудармада сегменттеудің де-факто стандарты ретінде жұптық байтты кодтау (BPE) қолданылуда. Аналитикалық тілдерге арналған нейрондық машиналық аудармада BPE қолданудың тиімділігі көптеген зерттеулерде көрсетілген, бірақ агглютинативті тілдерде қолдану аударма сапасын жақсартпайды.

Сегменттеу бойынша жұмыстардың көпшілігінде BPE әдісін сегменттеудің де-факто стандарты ретінде қолданды.

Сенрич және басқалары 2016 жылы корпусты жиі кездесетін таңбалар тізбегі бойынша бөлетін әдісті бірлесіп жазды [4]. Олар үлкен сөздік қорын

қолданумен салыстырғанда тиімді нәтиже көрсететін сөздік қорын құру үшін сегменттеу тапсырмасының ВРЕ алгоритмін бейімдеді.

Такорда және т.б. Ағылшын-Филиппин (және керісінше) аудармасы үшін бақыланатын байт-жұпты кодтау (СВРЕ) әдісін пайдалануды ұсынды [5]. СВРЕ морфологиялық бай тілдердегі кіріктірілген сөздерді тану үшін қолданылады. Авторлар ВРЕ және СВРЕ нәтижелерін салыстырды және екеуі де BLEU метрикасын жақсартады деген қорытындыға келді. Алайда, СВРЕ көмегімен сапа көрсеткіші сәл жақсырақ болған.

ВРЕ-ге негізделген әдіс сөздердің әр түрлі сегменттер вариациясына бөлінуін қамтиды. Алайда бұл тәсіл қазақ тілі сияқты морфологиясы бай тілдерге қолайлы емес. Мысалы, оқыту кезеңінде «жобалар», «жобасын» және «жобаның» сөздері «жоб алар</w>» (дұрыс сегменттеуі - «жоба лар»), «жобасы</w>» (дұрыс сегменттеуі - « жоба сы») түрінде беріледі ВРЕ әдісімен сегменттеледі. Бұл әдісте көбінен сөздің сегментін жиілікке байланысты алады, тілдің морфологиялық ерекшеліктерін негізге алмайды. Егер берілген сөздің кездесу жиілігі аз болған жағдайда, онда сөз сол қалпында сегменттеусіз қалады. Сонымен, ВРЕ ең жиі кездесетін таңбалар комбинациясын табу үшін біріктіру әрекеттерін қайталайды. ВРЕ сегменттеуі тілдің морфологиясына қарамастан жүргізіледі. Сондықтан ВРЕ шығысы бай морфологиясы бар тілдерде семантикалық мағынасы жоқ.

Санчес-Картагена мен Торал NMT үшін сөздік қорын қысқарту үшін сөздерді түбірге және флексияға бөлу үшін фин тіліне арналған ережеге негізделген морфологиялық анализаторды қолданды [6]. Авторлар NMT жүйесі мен фраза негізіндегі статистикалық машиналық аударма (SMT) жүйесін нейрондық тіл моделімен жақсартты. SMT-де сегменттелген фин сөйлемдерінің ұзындығы морфтардың жиі кездесетін тізбектеріне қосылу арқылы қысқарады. ВРЕ фин тілінде қолданылған, себебі оның ағылшын тіліне қарағанда күрделі морфологиясы бар. Авторлар ВРЕ-ті морфологиялық сегменттеумен біріктіру нақты жақсартуға әкелмейді деген қорытындыға келді.

ВРЕ қолдану қазақ тіліне ұқсас тілдік тобы бар басқа зерттеулерде зерттелген. Атаман және басқалар морфологиялық модельге негізделген бақыланбайтын морфологияны оқыту алгоритмін қолдана отырып, қосалқы сөздер сегменттерін болжайды [7]. Олар ВРЕ сегменттеуін екі тәжірибеде қолданды. Біріншісінде ВРЕ бастапқы тілдің жағында, екіншісінде аударылатын тілдің жағында қолданылады. Олар морфологиялық және ВРЕ сегменттеуін зерттеді. Түрік тіліне морфологиялық сегменттеу қолданылды. Әдістерді салыстыру үшін тек берілген тіл жағы ғана сегменттелді. Олардың зерттеуінде, бақыланатын және бақыланбайтын екі морфологиялық сегменттеу әдісі ұсынылды. Бақыланатын әдіс қосалқы сөздердің морфологиялық қасиеттерінің толық сипаттамасын сақтады, ал бақыланбайтын әдіс категорияға негізделген модельді болдырмайтын Morfessor құрылымына негізделген. Эксперименттер ВРЕ мен әзірленген әдістерді қолдана отырып бөлек жүргізілді және нәтижелер ВРЕ сегменттеуімен салыстырғанда, әзірленген әдістер BLEU көрсеткішін 2,2-ге жақсартқанын көрсетті.

Келесі [8] жұмыста ВРЕ-тің жалпыланған сегменттеуін ұсынды және неміс - ағылшын және қытай - ағылшын тілдерінің жұптарына тәжірибе жасады. Олар әр түрлі ішкі тармақтың сапа критерий өлшемдерін салыстырады және сегменттеу стратегиясы тілдік жұптарға сезімтал деген қорытындыға келді.

Морфессорға негізделген басқа да сегменттеу тәсілдері бар, олар ашық морфологиялық анализге арналған ашық бағдарламалық жасақтама болып табылады. Морфессор сөздерді морфологиялық құрылысына қарай бөледі. Morfessor негізгі үш нұсқасы бар, олар Morfessor Baseline, Morfessor Categories-ML және Morfessor Categories-MAP [9-14]. Morfessor - статистикалық морфологиялық сегменттеу құралы. Ол сөзді екі ішкі жолға бөлудің барлық ықтимал жолдарын бағалайды және ықтималдығы жоғары бөлу таңдалады. Морфессор сөздерді морфологиялық құрылымына қарай бөледі, алайда, N-грамматикалық модельдер сияқты, ол сирек кездесетін сөздерге артықшылық бермейді. Сондықтан, ол сөздіктен тыс (out of vocabulary немесе OOV) проблемасына тап болады.

Морфессор сөздерді морфологиялық құрылымына қарай бөледі, бірақ N-граммалық модельдер сияқты ол сирек сөздерге артықшылық бермейді. Сондықтан ол сөздік қордан тыс (OOV) деп аталатын мәселеге тап келеді. Мұны ВРЕ пайдалану арқылы шешуге жолын [15-16] жұмыста қарастырған.

Морфессор таңбаланған деректердің шағын көлемі бар жартылай басқарылатын орталарда тиімді екенін көрсетті. Авторлар [17] мақалада ұсынылатын тәсіл – бақыланбайтын әдісті пайдалана отырып, тізбектіліктен тізбектілікке нейрондық моделі үшін кіріс деректерін алдын ала сегменттеу. Бақыланбайтын әдіс шикі мәтін деректерімен оқытылуы мүмкін болғандықтан, авторлар Wikipedia-ны оқыту деректерінің көлемін ұлғайту үшін пайдаланды. Морфессормен алынған нәтижелер біркелкі емес, тек кейбір сөз деңгейіндегі тапсырмалар үшін артықшылықтарын көрсетті.

Келесі [18] жұмыста морфологиялық сегменттеуде әріп деңгейінде оқытуға қарсы болжам жасап, оны ішкі сөздерге бөлу негізінде шешуді қарастырды. Жұмыста DeepSPIN-1 - айқас энтропияны азайту үшін оқытылған таңба деңгейіндегі РНЖ негізіндегі тізбектіліктен тізбектілік үлгісі, DeepSPIN-2 - entmax бар таңба деңгейіндегі сирек тізбектіліктен тізбектілікке үлгісі және DeepSPIN-3 - бұл ішкі сөздерді реттеумен үйретілген қосалқы сөз деңгейіндегі entmax трансформаторы модельдері негізінде шешу ұсынған. Авторлар келесі тұжырымға келді: сөздер деңгейіндегі әдіснама тиімді екендігі.

Қазақ тілі жайлы және оның морфологиясы туралы жұмыстарды табиғи тілді өңдеуге қатысты жұмыстарда кездестіруге болады. Қазақ тілінің морфологиясы күрделі болып саналады. Төменде машиналық аудармада қазақ тіліне қатысты зерттеулер зерттелінді.

Қазақ тілінің морфологиясы және ол үшін морфологиялық анализаторлар [19-25] жұмыстарда сипатталынған. Қазақ тілі мен түрік тілдерінің морфологиясы салыстырылған.

2019 жылы WMT жаңа аударма тапсырмасы ретінде ағылшын-қазақ және қазақ-ағылшын тілдеріндегі жұптар қосылды. WMT 2019 зерттеушілерінің

көпшілігі бастапқы деректерді сегменттеу үшін ауыспалы оқыту технологиясын және негізінен ВРЕ әдісін қолданды.

WMT-да қазақ тілінен ағылшын тіліне машиналық аударылуы келесі жұмыстарда қарастырылды [26-30].

Келесі [26] жұмыста қазақша-ағылшынша және ағылшынша-қазақша аудармаларға трансфер-оқыту технологиясын қолданды. Трансферлік оқытудың қосымша деректері ретінде түрік-ағылшын тілдерінің параллель корпустары қолданылды, себебі қазақ және түрік тілдері бір тілдік топқа жатады. Зерттеушілер әртүрлі ВРЕ және жұмсақ ажыратылған кодтау конфигурацияларын салыстырды. Қазақ корпусының мәтіндері латынға айналдырылды, эксперименттер латынға айналдырылған корпуспен және кириллицадағы мәтінмен жүргізілді. Латын кезінде лексиканың көлемі айтарлықтай өсті. ВРЕ конфигурациясында BLEU ұпайы 0,20-ға жақсарды, ал бастапқы мәтін (кириллицада) 1,24-ке жақсарды.

Авторлар бұл жұмысында қазақ және орыс тілдерінің морфологиялық күрделілігіне [27] тоқталды. Орысша-қазақша статистикалық машиналық аударма жүйесі ағылшын-қазақ нейронды машиналық аударма жүйесі үшін оқыту кезінде бастапқы жүйе ретінде пайдаланылды. Мұнда корпуста ВРЕ-нің әр тіл үшін 10,000 салыстырмалы операциясы қолданып, BLEU 2,32 бағалауы метрикасын шығарды.

Авторлар [28] және [29] жұмыстарында да орыс тілін де оқытудың негізгі тіл жүйесі ретінде қарастырылды.

Бастапқы мәтін ережеге негізделген морфологиялық анализатор көмегімен [30] жұмыста бөлінді. Егер сөзде жарамды сегменттеу болмаса, онда көптеген сегменттеу нұсқалары жасалды, себебі сөзге сәйкес келетін белгілі жұрнақтар болды. Морфологиялық сегменттеуден кейін ВРЕ барлық дайындық деректеріне қолданылды. Мысалы, «университетінің» (оның/университетінің) морфологиялық талдау нәтижесі “n.px3sp.gen”. Ұсынылған морфологиялық сегменттеу бұл терминді «университет @@ інің» деп бөлді, ал ВРЕ бұл сөзді «университетінің» деп өзгеріссіз қалдырды.

Мақсаттық тілде сөзді сегменттеу әдісін [31] жұмыста ағылшын-неміс тілдік жұбы үшін көрсеткен. Бұл жұмыста тілге тәуелсіз ВРЕ (byte-pair encoding) әдісіне қарағанда, лингвистикалық білімдерді қолдану машиналық аударма сапасын арттырады деген қорытындыға келген. Сонымен қатар, нейронды машиналық аудармада лингвистикалық ақпараттандырылған мақсаттық тілдегі сөздерді сегменттеудің артықшылықтарын атап өткен. Мақсаттық тілде сегменттеудің келесідей артықшылықтарды атап өткен: сөздік көлемін қысқарту, мәліметтердің сиректігінің төмендету, ашық сөздік аудармасы жақсырақ сапада алу. Мақсаттық тіл үшін, яғни неміс тілі үшін жұрнақтардың каскадты немесе жұрнақтардың құрама бөлшектенуі ВРЕ көмегімен сегменттеу кезінде жақсы нәтижелер берген. Жасалынған тәжірибелерде аударма сапасы +0.5 BLEU шамасына артқан.

Тілге тәуелсіз Sentencese нейрондық желі, мәтінді өңдеу және нейронды машиналық аударма үшін жасалған құрал [32]. Бұл құралдың бар сегменттеу

құралдарынан айырмашылығы - ол өңделмеген (токенизациядан өтпеген) сөйлемдерден ішкі сөздері (subword) моделін оқыта алады, ал бар құралдардың көбі кіріс мәліметтер сөз тізбектілігіне алдын ала токенизацияланады деп болжанады. Айтылған қасиеті бұл құралды тілге тәуелсіз жүйе құруына мүмкіндік береді. Валидациялық тәжірибелер ағылшын-жапон тілінің нейронды машиналық аудармасында жүргізілген және оқытудың ішкі сөздер мен сегменттеу тиімділігін әртүрлі конфигурацияларды қолдану арқылы салыстырған.

Морфологиялы бай неміс және чех тілдері үшін [33] жұмыста сегментация алгоритмін ұсынған. Бұл сегменттеу алгоритмі екі қадаммен жұмыс істейді: сөздердің көршілеріне және морфема шекарасының таралуына байланысты стеммингтеу. Жұмыста жасалынған тәжірибелер лингвистикалық тұрғыдан негізделген әдістердің қазіргі заманғы агностикалық әдістерге қарағанда, машиналық аудармада жақсы жұмыс істемейтінін көрсетті. Ұсынылған әдіспен лингвистикалық жағынан адекватты сегменттеу алынбаған. Авторлар мұны DeriNet көлемінің шектелгенімен және Morfessor үшін оқыту мәліметтерінің аздығымен түсіндіреді. DeriNet дегеніміз бұл сөзжасамның байланысқан леммалардың бағытталған ағаш (бұтақтары түріндегі) жиынтығы.

NMT үшін [34] жұмыста жаңа ішкі сөздерді сегменттеу әдісін ұсынылған, бұл әдіс юниграмм (unigram) тіл үлгісіне негізделген. Атап айтқанда, ұсынылған сегменттеу екі тілді сөйлемдерді (яғни, NMT үшін оқыту деректері) юниграмдық тіл үлгісін пайдалану арқылы алынған бастапқы және мақсат тілдерінің сөйлемді сегменттеу опцияларынан сегменттер саны бірдей ішкі сөздер тізбегінің жұптарын таңдау арқылы токенизациялайды. Бастапқы тілдегі біртүлді сөйлемдерді сегменттеу үшін, нақтырақ айтқанда нейронды машиналық аударманың тесттік деректері үшін бастапқы тілге арналған LSTM негізіндегі қосалқы сөз сегменттері сегменттелген екітілді сөйлемдермен алдын ала оқытылады, ал біртүлді сөйлемдер оқытылған ішкі сөз (subword) сегменттерімен токенизацияланады. Авторлар ұсынған әдіс сөйлемдегі ішкі сөздердің саны мен оның аудармасы арасындағы айырмашылықты азайту үшін сөйлемдерді токенизациялайды, яғни ұсынылған әдіс екітілді сөйлемдерден жасалған бағыныңқы сөз бірліктерін пайдаланып сөйлемді токенизациялайды. Әдістің нәтижелерін ағылшын-жапон және жапон-ағылшын тілдеріне аударма тапсырмалары және WMT14 ағылшын-неміс және неміс-ағылшын тілдеріне аударма тапсырмалары бойынша бағалаулар жасалынған және екітілді сөз бірліктерін сегменттеу Transformer өнімділігін +0,81 BLUE шамасына жақсартта алған.

Түрік және ұйғыр тілдеріне морфологиялық сегменттеуді морфемдер негізінде сегменттеуді ұсынды [35]. Морфемалық сегменттеу күрделі сөзді түбір мен жұрнақтың морфемалық бірліктеріне бөле алады. Бұл ұсыныс ішкі сөздердің морфологиялық қасиеттерінің толық сипаттамасын сақтайды, сонымен бірге флективті тілдердегі флексия мен алломорфия құбылысынан туындаған деректердің сиректігін азайтады деген қорытындыға келді.

Оқыту процесі кезінде ықтималды таңдалған бірнеше ішкі сөз сегменттері бар үлгіні жаттықтыратын қарапайым регуляризация әдісін, ішкі сөзді реттеу әдісі және нақтырақ ішкі сөздерді таңдау үшін юниграмм тіл үлгісіне негізделген жаңа ішкі сөздерді сегменттеу алгоритмі ұсынылған [36]. Мұнда юниграмм тілдік моделі негізінде ықтималдығы бар бірнеше ішкі сөз сегменттері шығарыла алады. Айтылған тіл моделі әрбір ішкі сөздің бір-бірінен тәуелсіз болатыны туралы болжам жасай отырып, ішкі сөз тізбегінің ықтималдығы ішкі сөздің пайда болу ықтималдығының туындысы ретінде тұжырымдалады.

Динамикалық бағдарламалау кодтауына (DPE) негізделген сөйлемдерді ішкі сөз бірліктеріне таңбалау үшін сегменттеу алгоритмі [37] мақалада жарияланған. Бұл әдіс оқытудағы жасырын сегменттерді маргинализациялау және токенизациядағы ең жоғары ықтималдық сегменттеуін анықтау үшін динамикалық бағдарламалауды пайдаланады. Динамикалық бағдарламалау кодтауы әдісін ВРЕ ағымдағы әдістерімен салыстырғанда айтарлықтай жақсартуларды көрсетеді. DPE ВРЕ-ге қарағанда орташа 0,9 BLEU шамасында жақсартылғаны көрсетілген.

Келесі [38] жұмыста авторлар туралау мен сегменттеу арасындағы байланысты зерттеді. Sentencerіесе пакетін қолдану арқылы ВРЕ мен униграм әдісі генерациялаған сөз бірліктері салыстырылды. Модельдердің барлық параметрлері келісім бойынша (үнсіздік бойынша) алынған. Жұмыста тестілеу деректері үшін сегменттеудің бір жұбы қарастырылған, яғни ең жоғары ықтималдық жұбы үшін ең кіші ұзындық айырмасын шығаратын бір жұп таңдалынды. ВРЕ-ге негізделген модельдер үшін тек ағылшын-француз және ағылшын-вьетнам тілдеріндегі сөзге негізделген моделінен артықшылығын көрсетті, бірақ жақсы F-балл нәтижесін көрсетпеді. Өнімділігі бойынша униграмға негізделген әдіс базалық деңгейден, сонымен қатар француз, жапон және вьетнамдықтардың сөзге негізделген модельдерінен асып түсті. Әр сөйлем жұбына арналған бірнеше сегменттеу үлгілерін оқу деректеріне қосу өнімділікті жақсартуға көмектесті, нәтижесінде тек ұзындық айырмашылығына негізделген қарапайым схема шыққан, ол, өз кезегінде, барлық басқа униграммалық әдістерден асып түскен.

Сегменттеу мәселесі Тибет тілі үшін қарастырылған, тілдің өзіндік қиыншылықтары негізінде [39] жұмыста сөздерді сегменттеудің екі әдісі ұсынылған. Тибет сөздерінің құрылымы екі деңгейден: сөздер буын тізбегінен, сосын буын таңбалар тізбегінен құралады. Ұсынылған әдістері біріншісі - буынға негізделген, ал екіншісі - символға негізделген әдістер. Айтылған екі сөзді сегменттеу әдістерімен, сәйкесінше, ресурстары аз Тибет-Қытай NMT-де тәжірибе жасалынған. Эксперименттік нәтижелер көрсеткендей, екеуі де аударма жұмысын жақсартта алған, алайда символдар тізбегіне негізделген қосалқы сөзді сегменттеу кезінде жақсы нәтижеге қол жеткізілген.

Келесі [40] жұмыста ВРЕ көмегімен мүмкін сөз сегменттерін алуға болатынын айта отырып, жаңа ВРЕ-dropout әдісін ұсынған. Бұл әдіс – ВРЕ-нің стохастикалық болуының туа біткен қабілетін пайдаланатын әдіс. Ол бастапқы ВРЕ біріктіру кестесін сақтай отырып, сегменттеу процедурасын өзгертеді.

Сегменттеу кезінде әрбір біріктіру қадамында кейбір біріктірулер р ықтималдығымен кездейсоқ түсіріледі. Барлық деректер жиындары үшін BPE-droout стандартты BPE-ге қарағанда айтарлықтай жақсарту көрсетті. Ағылшын-вьетнам (және керісінше), ағылшын-қытай (және керісінше), неміс-ағылшын тілдік жұптары үшін 1,5 BLEU жақсартылған көрсеткіші алынды. Жақсартулар, әсіресе шағын деректер жиындары үшін жақсы нәтиже көрсеткен.

Коскенниеми әзірлеген екі деңгейлі морфология моделін зерттеуге арналған көптеген еңбектер [41-45] бар. Бұл әдістер соңғы күйдегі түрлендіргіштерге (FST) негізделген және олар негізінен табиғи тілдегі сөздерді морфологиялық талдау арқылы жасалған. Бірақ, бұл модель NMT үшін қажетті формада морфологиялық сегменттеу мәселесін толық шеше алмады.

Авторлар BPE-ні бақыланбайтын морфологиялық сегменттеумен ауыстыруды ұсынады, ол сонымен қатар ішкі сөздерді болжау кезінде морфологиялық үйлесімділікті ескереді [46]. Тәжірибелер шағын деректер жағдайында TED Talks арқылы бес бағытта жүргізілетін, барлығы ағылшын тілінен/ағылшынша, араб, түрік, чех тілдерінде жүйелі жақсартуларды көрсетеді, бірақ ол итальян және неміс тілдерінде олай емес.

Нейронды машиналық аударма жүйелерінің орындалуын жақсартудың жолы ол алдын ала өңдеу процесі кезінде ішкі сөздерге сегменттеу болып табылады. Келесі [47] мақалада әзірбайжан-ағылшын тілдік жұбында сегменттеудің қажеттілігі мен әртүрлі сегменттеу әдістерінің орындалуын салыстырылған. Сегменттеудің келесідей әдістері: BPE, BPE-Guided, PRPE және юниграмм алынды. Әртүрлі алгоритмдер бойынша сегменттелген мәтін бойынша бірнеше әзірбайжандық NMT үлгілерін оқытып, юниграмм сегменттеуін қолдану арқылы аударма сапасын айтарлықтай жақсартуға болатындығын көрсеткен.

Тағы да [48] жұмыста машиналық аудармада ішкі сөздерге сегменттеу стратегиясы келісім бойынша (үнсіз келісім бойынша) жүзеге асырылғаны айтылды. Алайда, мұның конкатенативті емес морфологиялы тілдер үшін жеткілікті жалпылама әдіс ретінде қолданыла алмауы мүмкін. Жұмыста авторлар ішкі сөздерге сегменттеу стратегиялары арқылы үйрену қиын болуы мүмкін болатын бес морфологиялық құбылысты таңдады. Ол морфологиялық құбылыстар: құрастыру, айналдыру, инфикация, дауысты дыбыс үндестігі және қайталану жолдары болып табылады. Таңбалар деңгейіндегі үлгінің сөздік қоры 246 бір таңбадан және NMT моделі пайдаланатын үш резервтелген таңбалауыштан және морфологиялық құбылыстардың дерексіз көріністері үшін пайдаланылатын 25 морфологиялық таңбалауыштан тұрды. Мақалада қарастырған морфологиялық құбылыстар негізінде авторлар келесідей: NLP-дегі жаңа тәсілдер әрқашан морфологиялық құбылыстардың әртүрлі түрлерін қамтитын типологиялық әртүрлі тілдерде сыналу керек деген қорытындыға келді.

BPE әдісінің жапон және ағылшын тілдік жұбында сегменттеу жасаудағы кемшілігі туралы [49] жұмыста айтылды. Тілдік униграмм моделі әдісімен жасалған сегменттеулер BPE-ге қарағанда морфологиялық сілтемелерге көбірек

сәйкес келген және мұны олардың сапалы талдауы растайды. Униграмм тілдік моделінің токенизация әдісі ВРЕ тәсіліне сәйкес келетінін немесе одан жоғары екенін анықтаған. Болашақта униграмма тілдік моделін кең қолдану мүмкіндігін қарастыру керек деген болжамға келген.

Жалғаулар жүйесін зерттеу Бектаев К. жұмысында алғаш қарастырылған, онда қазақ тілі үшін 753 жалғау саны шығарылған [50].

Қазақ тілінің морфологиясына негізделі қазақ тілінің алғашқы жалғаулар жүйесін шығару [51] жұмыста көрсетілген. Бұл жұмыс К. Бектаевтың үлгісін машиналық аударма саласында қолдану үшін жетілдіру болып табылады. Бектаев өз моделінде қазақ тілінің грамматикалық сипаттамаларына байланысты құрастырған жалғаулар жүйесін басқа тілге дұрыс және дәл аудару (машина емес) үшін қолдану алгоритмін де ұсынған. Қарастырылған [51] жұмыста жалпы жалғаулардың түрлері, олардың негізге жалғануы туралы айтылған, сонымен қатар жалғаулар жүйесінің толықтығы дәлелденді. Жұмыста қазақ тілі үшін 3240 жалғау түрі анықталған.

Бұл жұмыста машиналық аудармада морфологиялық трансферлік чанк ережелерін шығарудағы жалғаулардың жүйесіне негізделі отырып, қолданылуы туралы [52] көрсетілген.

Бұл [53] мақалада қазақ тілінің жалғаулар жүйесін стемминг есебінде алғаш рет қолдану жайлы айтылған. Бұл жұмыста лексиконға тәуелсіз стемминг алгоритмі келтірілген және оның қолданылуын әр түрлі пәндік аймақтағы мәтіндерді сөздің негізіне келтірілуі көрсетілген.

Жалғаулардың толық жүйесін шығарудың болымды болымсыз түрлерін ескере отырып, толықтырылған зерттеу келесі [54] мақалада жарық көрді.

Қазақ тілі жалғауларының толық жүйесін машиналық аудармада қолдану туралы келесі [55] жұмыста сипатталған.

Жоғарыда аталған жұмыстарды талдап, әрбір жұмыстың артықшылығы мен кемшілігі келтірілді. Талданған жұмыстарды қарастыра отырып, бұл жұмыстардың агглютинативті тілдер үшін қолдану тиімділігі аз екендігі көрсетілді. Қазақ тілі де агглютинативті тілге жатады, бірақ бірсыпыра жұмыстарда қарастырылған сегменттеу әдістері олардың қазақ тілінде төмен нәтижелер көрсеткенін анықтады. Сегменттеуде кең қолданылатын әдіс – ВРЕ әдісімен салыстырулар нәтижелер бөлімінде көрсетілген.

Қазақ тілі үшін морфологиялық сегменттеуді жүзеге асыру мақсатында келесідей есептер қойылымы берілді:

- 1) Қазақ тілі CSE-моделін құру;
- 2) Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде морфологиялық сегменттеу моделі мен алгоритмін құру;
- 3) Сегменттеу тәсілі мен нейрондық моделі негізінде тәжірибе жүргізу.

1-бөлім бойынша тұжырымдар

Бұл бөлімде машиналық аудармада жалпы сегменттеу және морфологиялық сегменттеуге байланысты ғылыми зерттеулерге шолу және талдау жасалынды. Аталған бөлімдегі жұмыстарды салыстыра отырып,

келесідей тұжырымдар жасалынды: кең таралған сегменттеу әдістері мен әдіснамалардың күрделі грамматикасы бар қазақ тілі үшін оңтайлы еместігі.

Сегменттеуде кең таралған әдістердің қазақ тілінде төмен нәтижелерді көрсетуіне байланысты, дұрыс сегменттеуді қамтамасыз ететін әдістің құру қажеттілігі туындады. Диссертациялық жұмыстың келесі бөлімдерінде жаңадан құрылған CSE-моделіне негізделген сегменттеу әдісі қарастырылатын болады.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ CSE-МОДЕЛІН ҚҰРУ

Бұл бөлімде тілдің морфологиясын сипаттауда қолданылатын модельдері қарастырылады. 2.1 бөлімде жалпы морфологияны сипаттауда қолданылатын модельдер туралы айтылады. 2.2 бөлімде 2.1 бөлімі негізіндегі модельдерді ескере отырып, қазақ тілі үшін CSE-моделін шығару жолы көрсетіледі.

2.1 Морфология модельдері

Морфология — сөздің барлық маңызды аспектілерімен айналысатын тіл білімінің саласы [56]. Морфологияның объектісі - минималды екі жақты тілдік бірлік (көбінесе морфемалар деп аталады) және осы бірліктердің ерекше қасиеттері бар "қатаң" кешендері (мұндай кешендерді сөз формалары немесе жай сөздер деп атайды). Сонымен морфологиялық мәселенің барлығы морфема мен сөз формасының арасындағы кеңістікте орналасқан деп айта аламыз, ал техникалық тілде морфология сөздің және оның (мағыналы) бөліктерінің қасиеттерін сипаттау ретінде анықталады.

Морфология лексика, фонология және синтаксистің қиылысында орналасқан және ең маңызды сұрақтардың көпшілігі морфологиялық өкілдіктердің басқа тіл деңгейлеріндегі өкілдіктермен қалай әрекеттесетініне қатысты болып келеді.

Морфология объектілері мен синтаксистің айырмашылығы туралы айтқанда, әдетте морфология сөз формасының ішіндегі морфемалардың тіркестерін сипаттайды, ал синтаксис сөйлем ішіндегі сөз формаларының тіркестерін сипаттайды; осылайша морфема – морфологиялық деңгейдің ең кіші бірлігі, ал сөз формасы – морфологиялық деңгейдің ең үлкен бірлігі.

Тіл морфологиясы модельдерінің анықтауы бойынша оның 3 түрі бар [56, 57]:

- ‘Item and Arrangement’ (немесес элемент және орналасу) (IA-model);
- ‘Item and Process’ (Элемент және Процесс) (IP-model);
- ‘Word and Paradigm’ (немесе Сөз және Парадигма) (WP-model).

IA-модель сөз формаларының агглютинативті сипатына назар аударады. Оның негізгі модельдеу құралы сөз формаларын морфемаларға сызықтық сегменттеуді жүзеге асырады. Элемент және орналасу (IA) үлгісі морфемалардың тізімі мен морфемаларды орналастыру ережелерінің жиынтығын ұсынатын грамматикаға сілтеме жасайды. Басқаша айтқанда, IA белгілі бір үлгілерді немесе келісімдерді ұстанатын компоненттер тізімінен тұратын тілді қарастырады [58]. Морфемаларды грамматикалық сипаттаудың минималды бірліктері ретінде қарастыратын болсақ, IA-модель агглютинативті тілдердің морфологиясын сипаттау үшін өте қолайлы.

IP-моделі алломорфтардың динамикалық табиғатының тұжырымдамасына бағытталған, сөз формаларының ұсынылуының бір немесе бірнеше деңгейін енгізеді. Сөздік форманың әрбір морфемасы міндетті түрде біртұтас терең репрезентацияға, сондай-ақ морфема репрезентациясының алломорфтық түрленуі мүмкін болатын контексті ескере отырып, бейнелеудің үстірт деңгейлеріне өту ережелеріне ие болады. Осылайша, контекстке байланысты сөз

формасының морфемаларының беткі көрінісі әртүрлі болады. Морфемалар мен терең бейнелеу таңбаларын («терең фонемалар») грамматикалық сипаттаудың минималды бірліктері ретінде қарастыра отырып, IP-модель флективті тілдердің морфологиясын сипаттауды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Ағылшын сияқты тіл үшін 'Item and Arrangement (IA)' үлгісіне қарағанда, 'Item and Process (IP)' моделін қолданған дұрыс.

WP-моделі парадигма бойынша флексия тұжырымдамасына негізделген. Бұл морфологиялық үлгіде сөз түбір мен жалғаудың тіркесі емес, біртұтас ретінде қарастырылады. WP-модельдегі флексия ұқсастығымен қарастырылады, ал грамматикалық сипаттаудың минималды бірлігі сөз формасы болып табылады. Бұл модельде сөздер бөлінбейді, яғни толық сөз формасы алынады.

Морфологияның есептеуіш модельдерінің келесідей түрі бар:

- Two-level morphology (TWOL)

TWOL – морфологиялық кезектілікті сипаттауға арналған деңгейлі тіл. Two-level синтаксисі Киммо Коскенниемидің 1983 жылғы диссертациясында ұсынылған TWOL деп аталатын ереже шектеулерінің декларативті жүйесіне негізделген.

Киммо Коскенниемидің диссертациялық жұмысында компьютерлік лингвистикада морфологиялық тұрғыдан күрделі тілдер үшін екі деңгейлі морфология моделінің сипаттамасын келтірген [41]. Коскенниемидің соңғы күйлер тұрғысынан фонологиялық ауысуларды сипаттаудың жаңа әдісін ойлап тапты. Аралық кезеңдері бар каскадты ережелердің және олар әкелетін есептеу мәселелерінің орнына ережелерді лексикалық жолдардың беткі жүзеге асырылуын тікелей шектейтін мәлімдемелер ретінде қарастыруға болады. Ережелер тізбекті емес, параллельді түрде қолданылады. Әрбір ереже белгілі бір лексикалық/беттік сәйкестікті және сәйкестікке рұқсат етілген, талап етілетін немесе қабылданбаған органы шектейді.

Екі деңгейлі морфология моделі үш идеяға негізделеді, олар:

- Ережелер – бұл символдар арасындағы шектеулер, олар өз кезегінде тізбекті емес параллельді түрде қайта жазудың ережесі түрінде қолданылады.

- Шектеулер лексикалық контекстке, сыртқы контекстке немесе екі контекстке де жата алады.

- Лексикалық іздеу және морфологиялық талдау қатар жүргізіледі.

Екі деңгейлі морфология моделі лексика жүйесі мен және екі деңгейлі ережелер жиынына негізделеді. TWOL моделі морфологиялық талдау мен синтезде қолданыс тапқан.

TWOL ережелерін жазу синтаксисі келесідей:

"Unique Rule Name" Center <=> LeftContext _ RightContext ;

TWOL ережесінің сол жағындағы орталық бөлігі, әдетте u:d сияқты бір таңба жұбынан тұрады, мұндағы u – жоғарғы деңгей таңбасы және d – төменгі деңгей таңбасы. Center кейін оператор келеді; ең жиі қолданылатыны <=> немесе қос көрсеткі операторы, сол жақ кіші белгісі, теңдік белгісі және оң жақта үлкен белгісі терілген.

TWOL ережелерін жазуда келесідей операторлар қолданылады:

- $\langle \Rightarrow \rangle$ – түрде орындалады немесе басқа жерде орындалмайды.
- $\langle \Leftarrow \rangle$ – әрқашан жүзеге асырылуы керек.
- $\langle \Rightarrow \rangle$ – болуы мүмкін.
- $\langle / \Leftarrow \rangle$ – жүзеге асырылмайды.
- таңбасы b ретінде ешқашан $l _ r$ контекстінде жүзеге асырылмайды
TWO L операторларының түсініктемесі келесідей:
- $a:b \langle \Rightarrow \rangle l _ r$ – a таңбасы $l _ r$ контекстінде міндетті түрде орындалады, басқа жерде орындалмайды.
- $a:b \langle \Leftarrow \rangle l _ r$ – a таңбасы b ретінде $l _ r$ контекстінде әрқашан жүзеге асырылуы керек.
- $a:b \langle \Rightarrow \rangle l _ r$ – a таңбасы b ретінде $l _ r$ контекстінде жүзеге асырылуы мүмкін.
- $a:b \langle / \Leftarrow \rangle l _ r$ – a таңбасы b ретінде ешқашан $l _ r$ контекстінде жүзеге асырылмайды.

Бұл ережелерге мысал:

"Rule 1"

$s:z \langle \Rightarrow \rangle \text{Vowel} _ \text{Vowel} ;$

$\text{Vowel} _ [m | n] ;$

Әрбір контекст нүктелі үтірмен аяқталуы керек. Сол жақ көрсеткі шектеулері конъюнктивті түрде түсіндіріліп, лексикалық s барлық көрсетілген контексттерде z ретінде жүзеге асырылуы керек деген шектеу қояды. Оң жақ көрсеткі шектеулері бөлек интерпретацияланады, таңбалар жұбын шектейді, мұнда $s:z$, көрсетілген мәтінмәндердің (контекстердің) кез келгенінде (бірақ басқа мәтінмәндерде емес) пайда болады.

Тағы бір мысал:

"Rule 1'"

$e:i \langle \Leftarrow \rangle _ \#.$

"Rule 2'"

$e:i \langle \Rightarrow \rangle \#. p _ r ; _ \#. ;$

Бірінші ереже (Rule 1') бойынша енді сөздің соңында лексикалық e пайда болса, оны i ретінде жүзеге асыру керек екенін көрсетеді, бірақ бұл сол жақ көрсеткі ережесі $e:i$ жұбының қай жерде көрінетініне ешқандай шектеулер қоймайды. Екінші ереже енді $e:i$ жұбының тек екі көрсетілген контексте пайда болуы мүмкін екендігін көрсетеді, бұл e лексикалық e сөзінің олардың кез келгенінде i ретінде жүзеге асуына себеп болмайды. «sabe» лексикалық кірісі «sabi» және «regu» лексикалық кірісі «regu» және «riгу» ретінде жазылады.

Ағылшын тілінде, мысалы сөз 'у' әрпіне аяқталса, көпше түрде 'у' әрпі 'і' әрпіне айналып, 'es' қосылуы керек, сол ереже төменде мысалда көрсетілген.

Егер лексикалық 'у'-тен кейін +s қосылатын болса, онда у і-ге ауыстырылуы керек.

$u:i \langle \Leftarrow \rangle _ +:0 s:s$

Дәл осы контексте s алдында e кірістірілуі тиіс:

$0:e \langle \Leftarrow \rangle u:i +:0 _ s:s$

Тілдің толық моделі бірнеше басқа ішкі жүйені, атап айтқанда семантиканы, синтаксис, фонетиканы қамтиды. Екі деңгейлі морфология моделі екі көрсету түрін қолданады.

TWOL ережелерінің көрсетілу түрлері [41]:

- Лексикалық немесе терең көрсету (Lexical (deep) representation);
- Беттік көрсету (Surface representation).

Беттік көрсету – сөздің немесе дыбыстың фонетикалық көрінісі. Лексикалық көрсету сөз тіркестері мен сөз жалғауларын морфологиялық көрсетуден тұрады. Екі деңгейлі модельде лексикалық пен беттің көрсету арасында аралық деңгей болмайды. Екі көрсетілім түрі тікелей бір-бірімен байланысты. Мұнда ережелер сөздегі дұрыс сәйкестікті тексереді (тестілейді).

Екі деңгейлі модельде жоғары деңгейде лексикалық көрсетуден тұрады, бұл деңгейде сөз негізі мен сөздің мүмкін морфологиялық жалғаулары көрсетіледі. Ал, моделдің төменгі деңгейінде сөз фонемалар түрінде көрсетіледі. Жоғары деңгей мен төменгі деңгейдегі әрбір сөз әріптері жұп бойынша сәйкестендіріледі. Егер жоғары деңгей мен төменгі деңгей бір-біріне сәйкес болса, ең тривиальды жағдай орын алады. TWOL моделі мен сипаттамалары соңғы күйлер автоматтары қарапайым механизмдеріне негізделген.

TWOL ережелерін жазуда тілдің ерекшеліктерін білу қажет және лингвистер үшін оны пайдалану оңай емес.

Аталған морфологияның үш модель негізінде префикстер мен аффикстерді қамтитын сөзжасамды талдау үшін пайдалануға болады. Сонымен, тілдің морфологиясын сипаттау үшін сөз формаларының толық жиынтығын, не жалғаулар мен түбірлердің толық жиынтығын көрсету қажет. Соңғы нұсқа, әрине, қолайлы, өйткені морфологияны жалғаулар мен түбірлердің толық жиынтығымен ұсыну барлық мүмкін болатын сөз формаларын тізбелегеннен гөрі сипаттау көлемі жағынан үнемдірек болып табылады.

Морфологияның CSE үлгісін құру және оны тілдік талдау үшін пайдалану берілген тілге арналған толық жалғаулардың жиынын шығаруға негізделген.

Тіл морфологиясын ескеру ісі қазақ тілі үшін алғаш жалғаулар–жүйесі ретінде келесі [51] жұмыста ұсынылды. Бұл жұмыста 3240 жалғау түрі анықталды. Аталған жұмыста ескерілмеген жалғаулар түрін ескере отырып, қазақ тілі үшін CSE-моделін ары қарай толықтыру ісі жасалып, шығарылды. Жалғаулардың толық жүйесі 2.2 бөлімде көрсетілген.

2.2 Қазақ тілінің CSE-моделі

Қазақ тілінің сөздерін жалғаулықтар тұрғысынан екі үлкен топқа: атаулы негізі бар сөздер және етістігі бар сөздер деп бөлуге болады. Атаулы негізі бар сөздерге зат есім, сын есім, сан есім және үстеу жатады.

Етістік негізі бар сөздерге етістіктер, есімше, көсемше, етіс жатады. Бұл диссертациялық жұмыста тілдің аяқталуын шығару үшін, тілдің негізгі жалғауларын орналастырудың мағыналық тұрғыдан қабылдануын және тілдің

дыбыстарын үйлестіру ерекшеліктерін ескере отырып, комбинаторлық тәсілді қолдану ұсынылған.

Қазақ тілінің атаулы сөздерінде төрт типтегі негізгі жалғаулары (аффикстері) бар:

- көптік жалғаулары (К деп белгіленеді);
- тәуелдік жалғаулар (Т белгісімен белгіленеді);
- септік жалғаулары (С белгісімен белгіленеді);
- жіктік жалғаулары (J деп белгіленеді).

Қазақ тілінің жалғаулар жүйесін аударма жүйесінде қолдануға байланысты зерттеу жұмыстары келесі [51-55], [59] жұмыстарда жарық көрген.

Негізгі типтегі жалғаулардың әртүрлі орналасу саны келесі формула бойынша анықталады:

$$A_n^k = \frac{n!}{(n-k)!} \quad (2.1)$$

Содан кейін орналастырулар саны келесідей өрнектер арқылы табылады:

$$A_4^1 = \frac{4!}{(4-1)!} = 4, A_4^2 = \frac{4!}{(4-2)!} = 12, A_4^3 = \frac{4!}{(4-3)!} = 24, A_4^4 = \frac{4!}{(4-4)!} = 24 \quad (2.2)$$

Бірінші қадамда қазақ тіліндегі жалғаулардың негізгі типтерінің әр орналасуының мағыналық тұрғыдан жарамдылығы тексеріледі. Бір типті (К, Т, С, J) аяқталатын орналастырулар мағыналық жағынан үйлесімді бола алады [54].

Қазақ тілі жалғаулары бір, екі, үш немесе төрт түрдегі аффикстердің тізбегінде, тілдің морфотактикасында белгіленген тәртіпте пайда болуы мүмкін. Түркі тілдерінің барлығында осы төрт түрлі негізгі жалғаулар бар. Осылайша, номиналды негізі бар сөздердің аяқталатын жалғауларының жалпы саны 15 (= 4 + 6 + 4 + 1).

Екі түрге арналған семантикалық мүмкін орналастырулар: **КТ, ТС, СJ, КС, TJ, KJ**.

Үш типтегі мағыналық рұқсат етілген жалғаулар орналастыруларынан мүмкін болатын 24 жалғаулар орналастыруларының 4-еуі ғана қолданылуы мүмкін: **КТС, КТJ, ТСJ, КСJ**.

Төрт типтің мағыналық жағынан рұқсат етілген 24 жалғау орналастыруларынан солардың біреуін алуға (**КТСJ**) болады.

Қазақ тілінде етістікті негіздегі сөздер жалғаулар жиыны етістіктің, есімшенің, көсемшенің, етістің және райлардың жалғауларынан тұрады.

Етістік үшін жалғау жүйесі келесі аффикстер түрлерінен тұрады: шақ (8), жақ (3) және болымсыз түрі. Сонымен, етістік үшін мүмкін жалғау типтер саны 25 (= 8 × 3 + 1).

Есімше (R) үшін жалғаулар жүйесі келесі жалғаулардың көмбинацияларынан тұра алады: көптік жалғаулар (К), тәуелдік жалғаулар (Т), септік жалғаулары (С) және жіктік жалғаулары (J). Семантикалық жағынан мүмкін жалғаулар нұсқасы келесідей: есімшелер үшін 11, етістер үшін 8, райлар үшін 6 және көсемшелі үшін 1. Сонымен, жалпы етістікті негіз үшін мүмкін

комбинациялар нұсқасы 51(=25+11+1+6+8), ал есімді және етістікті негіз үшін мүмкін комбинация нұсқасы 66-ға (15 есімді үшін және етістікті 51) тең.

Қазақ тілінің жалғаулар жүйесінен етістікті негіздерге келесілер:

- етістік жалғаулары жүйесі;
- есімше жалғаулар жүйесі;
- көсемше жалғаулар жүйесі;
- райлар жалғаулар жүйесі;
- етіс жалғаулары жүйесі жатады.

Есімшелі жалғаулар үшін есімді негізді сөздер үшін қолданылғандай, ұқсас комбинаторикалық әдіс қолданылды. Есімшелі жалғаулар келесілерден тұрады:

- есімшенің жалғау негізі (R деп белгіленеді);
- көптік жалғаулар (K деп белгіленеді);
- тәуелдік жалғаулар (T деп белгіленеді);
- септік жалғаулары (C деп белгіленеді);
- жіктік жалғаулары (J деп белгіленеді).

Ары қарай, семантикалық жағынан мүмкін бола алатын түріне байланысты барлық мүмкін нұсқалар қарастырылды. Осыған орай, келесідей түрлерді ғана пайдалануға болады:

- бір жалғау түрінен мүмкін болатын тізбектілік: RK, RT, RC, RJ;
- екі жалғау түрінен мүмкін болатын тізбектілік: RKT, RTC, RCJ, RKC, RKJ;
- үш жалғау түрінен мүмкін болатын тізбектілік: RKTC, RKCJ;
- төрт жалғау түрінен мүмкін болатын тізбектілік: 0.

Сонымен, жіктік жалғауларының рұқсат етілген түрлерінің саны 11 санын құрайды.

Барлық сөз таптары үшін осы жалғаулардың ақырғы жағдайлары негізінде қазақ тілі үшін жалғаулардың толық жүйесі құрылды. Есімді негіз және етістікті негіз үшін жалғаулардың ақырлы саны тиісінше 1 998 және 2 729 (Кесте 1). Демек, қазақ тілінде барлық сөз таптары үшін барлығы 4 727 жалғаулары бар.

Кесте 1 – Қазақ тілі үшін барлық жалғаулар нұсқаларының саны

Негіз түрі	Сөз таптары	Әрбір түрге қатысты саны
Есімді	зат есім	1922
Етістікті	етістік	592
	есімше	1 960
	көсемше	10
	рай	70
	етіс	126
Басқалары	сын есім, үстеу	47
Барлығы:		4727

Кесте 2 – Қазақ тіліндегі негізгі жалғаулар түрлерінің белгіленуі және олардың аффикстері

Қазақ тіліндегі белгіленуі	Сәйкес аффикстер	Саны
К	-лар, -дар,-тар, -лер, -дер, -тер	6
Т	-м, -ым, -ім, -ң, -ың, -ің -ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз, -сы,сі, -ы, і	14
С	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің, -ға, -ге, қа, -ке, -а,-е. -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -да, -де, -та, -те, - нда,-нде, -нан, -нен, -тан, -тен, -дан, -ден, - мен, -мен, -пен, -менен, -бенен, -пенен	36
Ж	-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -сың, -сің, -сыңдар, -сіңдер, -сыз, -сіз, -сіздер, -сыздар, -быз, -біз, -пыз, -піз	20

Барлық агглютациялық тілдерде қатаң сөзжасам жүйесі мен аффикс қосылу ережелері бар. Алдыңғы бөлімде көрсетілгендей түркі тобының әрбір агглютациялық тілі үшін CSE негізіндегі модельді құруға болады.

Етістіктердің, көсімшелердің, есімшенің, райлардың, етістердің жалғаулар жүйесі комбинаторикалық әдіс негізінде, сонымен қатар дыбыс үндестік заңын ескере отырып шығарылды. Соңғы дыбыс негізінде (дауысты дыбыс: жіңішке, жуан, дауыссыз дыбыс: қатаң, ұяң, үнді) жалғаулар жалғануы ескерілген. Жалғаулардың үйлесуі туралы толығырақ ақпарат келесі бөлімде көрсетілген.

2.2.1 Есім түбірлі сөздер үшін жалғаулардың толық жиынын шығару

Есім түбірлі сөздердің мағыналық жағынан дұрыс орналасуы үшін үндестік заңы әдісі ескеріледі: негіз түрі (соңғы әріп: жуан/жіңішке; қатаң/ұяң/үнді); буын түрі (ашық/жабық/бітеу) [55].

2.2.1.1 КТ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік)

КТ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару Кесте 3-де көрсетілген. КТ орналастыруындағы жалғаулар саны $КТ: К*Т = (6 \text{ аффикс } К \text{ (көптік жалғау)}) * (5 \text{ әртүрлі } Т \text{ (тәуелдік) жалғау}) = 30$ КТ жалғаулар орналастыруы. Әрбір Т аффикстеріне К аффикстерін таңдау үшін қазақ тілінің үндестік заңы орындалады.

Кесте 3 – КТ түріндегі жалғауларын шығару (Көптік – Тәуелдік)

	К жалғау түріндегі аффикстер	Т жалғау түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
		Жекеше	Көпше	6*5=30
Мысалдар	- дар-	- ым, ім	- ымыз, іміз	
	- дер-	- ың, ің	- ыңыз, іңіз	
	- лар-	- ыңыз, іңіз	- ыңыз, іңіз	
	- лер-	- у, і	- у, і	
	- тар-			
- тер-				
ана-	-лар-	- ым, ың,ыңыз,ы	- ымыз	5
іні-	-лер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
ат-	-тар-	- ым,ың,ыңыз, ы	- ымыз	5
ит-	-тер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
аң-	-дар-	- ым,ың,ыңыз,ы	- ымыз	5
пән-	-дер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5

Көптік жалғаулары мен тәуелдік жалғауларының бола алатын жалғаулар саны 30-ға тең.

2.2.1.2 КС орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – септік)

КС (Көпше – септік) орналастыру түріндегі жалғауларын шығару Кесте 4 - де көрсетілген. Көптік, септік жалғауларының негіздің соңғы әрпі жуан немесе жіңішке аяқталуын ескеріп, сәйкесінші жалғау түрі жалғанады. Сәйкесінше КС жалғау түрінің орналастыру саны есептеліп шығарылды.

Кесте 4 – КС (Көпше – Септік) түріндегі жалғауларын шығару

К түріндегі аффикстер	С түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
-дар	1. атау	-	6*6=36
-дер	2. ілік	-дың, дің	
-лар	3. барыс	-ға , ге	
-лер	4. табыс	-ды, ді	
-тар	5. жатыс	-да, де	
-тер	6. шығыс	-дан, ден	
-тер	7.көмектес	-мен, бен, пен	

КС орналастыруындағы жалғаулар саны: $K * C = (6 \text{ аффикстер } K) * (\text{бір аффикс әрбір } 6 \text{ септіктен}) = 36 \text{ КС орналастырылуы. } K \text{ аффиксінен } C \text{ аффиксін таңдау қазақ тілінің үндестік заңы негізінде таңдалынады.}$

2.2.1.3 KJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – жіктік)

KJ (көптік-жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 5-те берілген.

Кесте 5– KJ (көптік-жіктік) түріндегі жалғауларын шығару

К жалғау түріндегі аффикстер	J жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
- дар, -дер-	- мыз, міз, быз, біз	6*3=18
- лар-, -лер-	- сындар, сіңдер	
- тар-, -тер-	- сыздар, сіздер	
-	-	

KJ орналастыруындағы жалғаулар саны: $K * J = (6 \text{ аффикстер } K) * (\text{бір аффикс әрбір } 3 \text{ J жақтан}) = 18 \text{ KJ орналастыру}$. Сәйкес жалғау қазақ тілінің үндестік заңын ескере отырып таңдалынады.

2.2.1.4 TC орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (тәуелдік – септік)

TC (тәуелдік - септік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 6-да көрсетілген. Кестеде септік жалғаларының барлық жалғаулары, сөздің негізі жуан мен жіңішке болуына байланысты жуан, жіңішке жалғаулары да берілген. Тәуелдік жалғауының 24 аффиксін 6 септік бойынша септегенде, 144 жалғау шығарылды.

Кесте 6 – TC (тәуелдік - септік) түріндегі жалғауларды шығару

	Т жалғау түріндегі аффикстер				С жалғау түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
	Соңғы дыбыс						
	Дауысты		Дауыссыз				
Мысалдар	Жуан	Жі- ңішке	Жуан	Жіңіш- ке	1. атау	-	24*6=144
	T1)- м,мыз;	- м,міз	-ым, ымыз;	-ім, іміз -ің, іңіз;	2. ілік	-дың, дің, ның, нің;	
	T2)-ң, ңыз;	; -	-ың, ыңыз;	-іңіз; -і	3. барыс	-а, е,ға,ге,на, не;	
	T3)- ңыз;	ң,ңыз	-іңіз;	-ы	4. табыс	-н, на, не, ды, ді;	
	T4)- сы;	-ңіз -сы			5. жатыс	-да, де, нда, нде;	
				6. шығыс	-дан, ден, нан, нен;		
				7. көмек- тес	-бен, мен		

Кесте 6 жалғасы

ана-	-м -				2,3,4,5,6, 7	-ның, а, ға ,ды, да, нан, дан, мен, бен;	6
іні-		-м -			2,3,4,5,6, 7	-нің, е, ге, ді, де, нен, ден, мен, бен;	6
ат-			-ым -		2,3,4,5,6, 7	ның, а, ға, ды, да, нан, дан, мен, бен;	6
пән-				-ім -	2,3,4,5,6, 7	-нің, е, ге, ді, де, нен, ден, мен, бен;	6;

ТС орналастыруындағы жалғаулар саны: $T * C = (24 \text{ аффикстер } T) * (\text{бір жалғауды } 6 \text{ } C \text{ септіктен}) = 144 \text{ ТС жалғау орналастыруы.}$

2.2.1.5 ТҮ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (тәуелдік – жіктік)

ТҮ (тәуелдік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 7-те шығарылған.

ТҮ орналастыруындағы жалғаулар саны: мұнда 7 мүмкін жалғау байланысы бар Т1-Ү2:8; Т1-Ү3:8; Т2-Ү1:8; Т3-Ү1:8; Т4-Ү1:8; Т4-Ү2:8; Т4-Ү3:8.

Кесте 7 – ТҮ (тәуелдік-жіктік) түріндегі жалғауларды шығару

Т жалғау түріндегі аффикстер				Ү жалғау түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
Соңғы дыбыс						
Дауысты		Дауыссыз				
Жуан	Жіңішке	Жуан	Жіңішке	Жекеше	Көпше	
Т1)-м, мыз; Т2)-ң, ңыз; Т3)-ңыз; Т4)-сы;	-м, міз; -ң,ңіз; -ңіз -сі	-ым, ымыз; -ың, ыңыз; - ыңыз; -ы	-ім, іміз -ің, іңіз; -іңіз; -і	Ү1)-мын, бын, пын, мің, бің, пің; Ү2)-сың, сің; Ү3)-сыз, сіз; Ү4) -	-мыз, міз, быз, біз; -сындар, сіндер; -сыздар, сіздер; -	Байланыс- тар: Т1-Ү2:8; Т1-Ү3:8; Т2-Ү1:8; Т3-Ү1:8; Т4-Ү1:8; Т4-Ү2:8; Т4-Ү3:8; Барлығы: 8*7=56

Әрбір ТҮ байланысы келесіден тұрады: $(4 \text{ аффикстер } T) * (2 \text{ аффикстер } \text{Ү: жекеше, көпше}) = 8 \text{ } T * \text{Ү} = (7 \text{ ТҮ байланысы}) * (8 \text{ жалғау}) = 56 \text{ ТҮ орналастыру.}$

2.2.1.6 CJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (септік – жіктік)

CJ (Септік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 8 - де көрсетілген.

Кесте 8 – CJ (Септік - жіктік) түріндегі жалғауларын шығару

С аффикстер түрі		J аффикстер түрі		Жалғаулар саны
1. атау 2. ілік 3. барыс 4. табыс	(-дың, дің, ның, нің, тың, тің) – no use -а, е, ға, ге, қа,ке, на, не (-н, на, не, ды, ді, ты,ті) – no use	жекеше	көпше	3) $8*3*2=48$ 5) $6*3*2=36$ 6) $6*3*2=36$
5. жатыс 6. шығыс 7. көмектес	- -да, де, нда, нде, та, те -дан, ден, нан, нен, тан, тен -бен, мен, тен	жуан -мын, бын, пын; -сың; -сыз; -	жіңішке - мін,бін, пін; -сің; -сіз; -	- мыз, міз, быз, біз; - сыңдар, сіндер; -сыздар, сіздер; 7) $3*3*2=18$ Барлығы - 138

CJ орналастыруындағы жалғаулар саны: мұнда 4 мүмкін болатын септіктер бар: барыс, табыс, шығыс, көмектес. Әрбір мүмкін CJ жалғаулар байланысы: (С септік аффикстері)*(3 J жіктік аффикстер)*(2 көптік жалғауы: жекеше, көпше) = $8*3*2 + 6*3*2 + 6*3*2 + 6*3*2 + 3*3*2 = 138$ CJ орналастыру.

2.2.1.7 КТС орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік - септік)

Сөз негізінің есімді түрі үшін көптік, тәуелдік, септік жалғауларының, яғни КТС (Көптік - тәуелдік - септік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 9-де көрсетілген.

Көптік жалғауының 6 аффиксі, тәуелдік жалғауының 8 аффиксі және 7 септік үшін сәйкесінше аффикстері кестеде көрсетілген.

Кесте 9 – КТС (Көптік - тәуелдік - септік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару

К түріндегі аффикстер	Т түріндегі аффикстер	С түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
		1. атау.	-	
- дар - дер - лар - лер - тар - тер	- ым, ім	2. ілік	-дың, дің, ның, нің, тың, тің;	6*4*6=144
	- ың, ің	3. барыс	-а, е, ға, ге, қа,ке, на, не;	
	- ыңыз, іңіз	4. табыс	-н, на, не, ды, ді, ты,ті;	
	- ы, і	5. жатыс	-да, де, нда, нде, та,те;	
		6. шығыс	-дан, ден, нан, нен, тан, тен;	
		7.көмектес	-бен, мен, тен	

КТС орналастыруындағы жалғаулар саны: (мұнда 6 К көптік аффикстері) * (4 Т тәуелдік аффикстері) * (6 С септік) = 6*4*6 = 144 КТС жалғаулары.

2.2.1.8 КТJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік – жіктік)

КТJ (Көптік - тәуелдік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 10 берілген. КТJ орналастыруындағы жалғауларда 7 мүмкін байланыс бар:

- T1-J2:6;
- T1-J3:6;
- T2-J1:6;
- T3-J1:6;
- T4-J1:6;
- T4-J2:6;
- T4-J3:8

Кесте 10 – КТJ (Көптік - тәуелдік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару

К түріндегі аффикстер	Т түріндегі аффикстер	J түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
		жекеше	көпше	
				T1-J2:6; T1-J3:6;

Кесте 10 жалғасы

-дар -дер -лар -лер -тар -тер	T1- ым, ім- T2 - ың, ің- T3- ыңыз, іңіз- T4 - у, й-	J1 -мын, бын, пын, мін, бін, рің ; J2 –сың, сің; J3 –сыз, сіз; J4 -	- мыз, міз , быз, біз; - сыңдар,сің дер; -сыздар, сіздер; -	T2-J1:6; T3-J1:6; T4-J1:6; T4-J2:6; T4-J3:6; Барлығы: 6*6*7=252
--	--	--	--	---

Әрбір TJ байланысы (бір Т аффиксы)*(6 J аффикстер: жекеше, көпше) = 6 тұрады. $T*J = (7 \text{ TJ байланыс})* (6 \text{ жалғау}) = 42 \text{ TJ орналастыруы}$. $KTJ = (7 \text{ К көптік жалғау К})* (42 \text{ TJ орналастыру}) = 252 \text{ KTJ жалғаулары}$.

2.2.1.9 КСJ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – септік – жіктік)

КСJ (Көптік - септік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 11-да көрсетілген.

Кесте 11 – КСJ (Көптік - септік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару

К көптік аффикстері	С септік аффикстері	J жіктік аффикстері		Жалғаулар саны
		жекеше	көпше	
- дар - дер - лар - лер - тар - тер	1) атау - 2) ілік- (-дың, дің, ның, нің, тың, тің) – қолданысы жоқ 3) барыс -ға, ге, қа, ке, на, не 4) табыс -(-н, на, не, ды, ді, ты,ті) – қолданысы жоқ 5) жатыс -да, де, нда, нде, та,те 6) шығыс -дан, ден, нан, нен, тан, тен 7) көмектес- мен	Жуан - мын; - сың; - сыз; -	Жіңішк е -мін; -сін; -сіз; -	К(6)*J(Же кеше=3 + көпше =3) К*J С3) 6*6=36 С5) 6*6=36 С6) 6*6=36 С7) 6*6=36 Барлығы - 144

КСЈ орналастыруындағы жалғаулар саны: $K * C = (6 \text{ К көптік аффикстер}) * (4 \text{ С септік аффикстері: жатыс, табыс, шығыс, көмектес}) * (3 \text{ жекеше} + 3 \text{ көпше Ж жіктік жалғаулары}) = 144 \text{ КСЈ жалғаулары.}$

2.2.1.10 ТСЈ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (тәуелдік – септік – жіктік)

ТСЈ (Тәуелдік - септік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 12-де көрсетілген. Бұл орналастыру түрінде сөз негізіне тәуелдік жалғаудан кейін, септік жалғауының, одан кейін жіктік жалғауының қосылуының орналастыруы шығарылды. Барлық орналастыру түрлерінде негіздің жуан немесе жіңішкеге аяқталуына байланысты жалғау түрінің жалғанатыны еске алынды, яғни үндестік заңы орындалған. Жалғаулар арасында болатын байланыстар түрлері анықталып, жалпы аталған жалғау орналастыруының саны төмендегі кесте 12-де шығарылып көрсетілген.

Кесте 12 – ТСЈ (Тәуелдік - септік -жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару

	Т түріндегі аффикстер				С аффикстер түрі	J түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
	Соңғы дыбыс					Жекеше	Көпше	
Мысалдар	Дауысты		Дауыссыз		3) барыс: -а, е, ға, ге, қа, ке, на, не; 5) жатыс-да, де, нда, нде, та, те; 6) шығыс -дан, ден, нан, нен, таң, тен; 7) көмектес-мен;	Жекеше	Көпше	байланыстар : Т1-С3- J:4*6=24; Т2-С3- J:4*6=24; Т3-С3- J:4*6=24; Т4-С3- J:4*6=24; Т1-С5- J:4*6=24; Т2-С5- J:4*6=24; Т3-С5- J:4*6=24; Т4-С5- J:4*6=24; Т1-С6- J:4*6=24;
	Жуан	Жіңішке	Жуан	Жіңішке				
	Т1)-м	-м	-ым	-ім				
	Т2)-ң	-ң	-ың	-ің				
Т3)-ңыз	-ңіз	-ыңы	-іңіз					
Т4)-шы	-сі	ыңы	-і					
			з					
			-ы					

Кесте 12 жалғасы

								T2-C6- J:4*6=24; T3-C6- J:4*6=24; T4-C6- J:4*6=24; T1-C7- J:4*6=24; T2-C7- J:4*6=24; T3-C7- J:4*6=24; T4-C7- J:4*6=24;
Барлығы:								96*4=384
апа-	-м, н, ңыз, сы-				-3,5,6,7-	- J1,J2,J3	- J1,J2,J3	4*4*6=96
іні-		-м, н, - ңіз,сі -			-3,5,6,7-	- J1,J2,J3	- J1,J2,J3	4*4*6=96
ат-			- ЫМ, ЫҢ, ЫҢ ЫЗ, Ы-		-3,5,6,7-	-J1,J2,J3	- J1,J2,J3	4*4*6=96
пән -				-ім, ің, іңіз, і-	-3,5,6,7-	-J1,J2,J3	- J1,J2,J3	4*4*6=96

ТСJ орналастыруындағы жалғаулар саны: $T * C * J = (16 \text{ T тәуелдік аффикстер}) * (4 \text{ C септіктен әрбір аффикстер: C3, C5, C6, C7}) * (3 \text{ Жекеше} + 3 \text{ Көпше J аффикстері}) = 384 \text{ ТСJ жалғаулар}$. Мұндағы: C3 – барыс септігінің жалғаулары, C5 – жатыс септігі жалғаулары, C6 – шығыс септігінің жалғаулары, C7 – көмектес септігінің жалғаулары. Ал, J1 – бірінші жақ жалғаулары, J2 – екінші жақ жалғаулары, J3 – үшінші жақ жалғаулары.

2.2.1.11 КТСЖ орналастыру түрі үшін жалғауларды шығару (көптік – тәуелдік – септік – жіктік)

Төрт жалғау түрінің орналастыруынан мүмкін болатын түрі ол – КТСЖ. Айтылған КТСЖ (Көптік – тәуелдік - септік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару Кесте 13-де көрсетілген. Көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларының орналасуының жалпы саны – 576. Кестедегі К1, К2, К3, К4, К5 К6 – сәйкесінше көптік жалғаулар, ал Т1 – бірінші жақ тәуелденуі, Т2 - екінші жақ тәуелденуі, Т3 - екінші жақ тәуелденуі, сыпайы түріндегі, Т4 - үшінші жақ тәуелденуі. Тәуелдік пен септік жалғауларының сәйкесінше жекеше және көпше түрдегі жалғаулары бар, кестеде жалғаулары толық келтірілген.

Кесте 13 – КТСЖ (Көптік - тәуелдік- септік - жіктік) түріндегі жалғаулар орналастыруын шығару

К жалғау түріндегі аффикстер	Т жалғау түріндегі аффикстер		С септік аффикстері	J жіктік жалғау аффикстері		Жалғаулар саны
	Соңғы дыбыс					
К1-дар; К2-дер; К3-лар; К4-лер; К5-тар; К6-тер.	Дауыссыз		3) барыс - а, е, ға, ге, қа, ке, на, не; 5) жатыс-да, де, нда, нде, та, те; 6) шығыс -дан, ден, нан, нен, тан, тен; 7) көмектес-мен;	Жекеше J1) -мын, мін, бын, бін; J2)-сың; сің; J3)-сыз; сіз;	көпше -мыз, міз, быз, біз; -сыңдар, сіндер; -сыздар, сіздер;	байланыстар: К1-Т-С- J:4*4*6=96; К2-Т-С-J: 4*4*6=96; К3-Т-С-J: 4*4*6=96; К4-Т-С-J: 4*4*6=96; К5-Т-С-J: 4*4*6=96; К6-Т-С-J: 4*4*6=96; Барлығы: 96*6=576
	Жуан	Жіңішке				
	Т1-ым	-ім				
	Т2)-ың	-ің				
	Т3)-ыңыз	-іңіз				
	Т4)-ы	-і				

КТСЖ орналастыруындағы жалғаулар саны: (6 К көптік аффикстері)*(16 Т аффикстер) * (6 С септіктері) =6*16*6 = 576 КТСЖ жалғаулары.

2.2.2 Етістікті негіз үшін жалғауларды шығару

Етістіктер үшін жалғауларды шығару келесі төмендегі бөлімдерде берілген. Онда әр шақ және оның болымсыз түрлері, етістер, көсемшелер, есімшелер үшін жалғаулар орналастырулары келтірілген.

2.2.2.1. Осы шақ үшін жалғауларды шығару

Нақ осы шақ үшін келесі кестеде жалғаулар санын шығарылуы көрсетілген (Кесте 14).

Кесте 14 – Нақ осы шақ үшін жалғауларды шығару

Мысалдар	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
отыр- жатыр- тұр- жүр-	-мың, м ін	-сың, сің	-сыз, сіз	-	8 (әр түрлі)
	мыз, міз	-сыз, сіз	-сыз, сіз	-	
Барлығы:					8

Нақ осы шақ үшін жалпы жалғаулар саны – 8.

Күрделі осы шақ үшін келесі кестеде жалғаулар санын шығарылуы көрсетілген (Кесте 15).

Кесте 15 – Күрделі осы шақ үшін жалғауларды шығару

Мысалдар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
жаз- күл-	-ып, іп, п отыр, тұр, жүр-	-мын, м ін көпше : -мыз, міз	-сың, сің көпше: - сыңдар, сіңдер	-сыз, сіз көпше : - сыздар , сіздер	- көпше: - -	6+6
бар- кел-	-а, е + жатыр-					6
қара-	-р отыр, тұр, жүр-					
Барлығы:						18

Күрделі осы шақ үшін жалпы жалғаулар саны – 18. Ауыспалы осы шақ үшін келесі кестеде көрсетілген (Кесте 16).

Кесте 16 – Ауыспалы осы шақ үшін жалғауларды шығару

Мысалдар	Аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
жаз- күл- бар- кел- қара-	-а,е,й-	-мын, мін	-сың, сің	-сыз, сіз	-ды, ді	3*4=12
		көпше: -мыз, міз	көпше: -сыңдар, сіндер	көпше: -сыздар, сіздер	көпше: -ды, ді	3*4=12
Барлығы:						24

Ауыспалы осы шақ үшін жалпы жалғаулар саны – 24. Келесі бөлімде өткен шақ үшін жалғауларды шығару берілген.

2.2.2.2 Жалғауларды өткен шақ үшін шығару

Өткен шақтың келесі түрлері осы бөлімде қарастырылады: жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ежелгі өткен шақ, ауыспалы осы шақ.

Жедел өткен шақ үшін жалғауларды шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 17):

Кесте 17 – Жалғауларды жедел өткен шақ үшін шығару

Мысалдар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- кет- жаз- күл- бар- кел- қара-	-ты, ды -	-м;	-ң;	-ңыз;	-	8
	-ті, ді -	-м;	-ң;	-ңіз;	-	8
	-ты, ды - -ті, ді -	көпше: -қ;	көпше: -ндар;	көпш : -ңыздар;	көпше :	8
		-қ;	-ндер;	-ңіздер;	-	8
Барлығы:						32

Жедел өткен шақ үшін жалпы жалғау саны 32-ге тең. Әрбір етістің түрінде, оның болымсыз түрі болады. Жедел өткен шақтың болымсыз түрі келесі кестеде көрсетілген (Кесте 18):

Кесте 18 – Жедел өткен шақтың болымсыз түрі үшін жалғауларды шығару

Мысалдар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
----------	-----------	-------	-------	----------------	-------	----------------

Кесте 18 жалғасы

бар- жаз- айт- күл- кел- жүз- кет-	-ма, ба, па - ды - -ме, бе, пе - ді -	-м; -м;	-ң; -ң;	-ңыз; -ңіз;	- -	12 12
	-ма, ба, па - ды - -ме, бе, пе - ді -	көпше : -к; -к;	көпше: -ңдар; -ңдер;	көпше: -ңыздар; -ңіздер;	көпше: - -	12 12
Барлығы:						48

Бұрынғы өткен шақ үшін жалғауларды шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 19).

Кесте 19 – Жалғауларды бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі үшін шығару

Мысалдар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл- бар- кел- қара-	-ған, қан - -ген, кен -	-мын; -мін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	- -	8 8
	-ған, қан - -ген, кен -	көпше: -быз; -біз;	көпше: -сыңдар; -сіңдер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -	8 8
Барлығы:						32

Қазақ тілінде жуықта болған нақты іс-әрекеттің іске асқаны жедел өткен шақ түрінде беріледі. Қимыл-әрекеттің бұрын өткенін сөйлеушінің оның қасында болмай, басқа айғаққа сүйеніп хабарлағандай етіп жеткізуі ежелгі (бұрынғы) өткен шақ түрінде болады. Ежелгі өткен шақ үшін жалғауларды шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 20):

Кесте 20 – Ежелгі өткен шақ үшін жалғауларды шығару

Мысалдар	аффикст ер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
----------	---------------	-------	-------	-------------------	-------	-------------------

Кесте 20 жалғасы

айт- жаз- күл- бар- кел-	-ып, п - -іп, п-	-пын; -пін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-ты -ті	8 8
кара-	-ып, п - -ып, п -	көпше: -пыз; -піз;	көпше: -сыңдар; -сіндер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -ты; -ті;	8 8
Барлығы:						32

Етістіктің жай болымсыз түрі аффикстері етістікті негізге жалғанады, ары қарай жақ бойынша өзгереді. Ежелгі өткен шақтың болымсыз түрі келесі кестеде көрсетілген (Кесте 21):

Кесте 21 – Ежелгі өткен шақ үшін болымсыз жалғауларды шығару

Мысал- дар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
бар- жаз- айт-	-ма, ба, па - р - -ме, бе, пе - р -	-пын; -пін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-ты -ті	12 12
күл- кел- жүз- кет-	-ма, ба, па - р - -ме, бе, пе - р -	көпше: -пыз; -піз;	көпше: -сыңдар; -сіндер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -ты; -ті;	12 12
Барлығы:						48

Ауыспалы өткен шақ — іс-әрекеттің бірнеше рет болып өткенін білдіреді. Есімшенің формалары арқылы жасалады. Ауыспалы өткен шақ келесі кестеде көрсетілген (Кесте 22):

Кесте 22 – Жалғауларды ауыспалы өткен шақ үшін шығару

Мы- салдар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл-	-атын, йтын - -етін, йтін -	-мын ; -мін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	- -	8 8

Кесте 22 жалғасы

бар- кел- қара-	-атын, йтын - -етін, йтін -	көпше : -быз; -біз;	көпше : - -сындар; -сіңдер;	көпше : -сыздар; -сіздер;	көп ше : - -	8 8
Барлығы:						32

Ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі келесі кестеде көрсетілген (Кесте 23):

Кесте 23 – Ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі үшін жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
бар- жаз-	-ма,ба,па йтын -	-мын ; -мін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	- -	12 12
айт- күл- кел- жүз- кет-	-ме,бе,пе йтін - -ма,ба,па йтын - -ме,бе,пе йтін -	- көпше: -быз; -біз;	- көпше: -сындар; -сіңдер;	- көпше: -сыздар; -сіздер;	- көпше: - -	12 12
Барлығы:						48

Мысалы: айт-па-йтын-мын. Мұнда: «айт» – түбірі, «па» - болымсыз жалғау түрі, «йтын» - есімше жалғауы, «мын» - бірінші жақтың жіктелу жалғауы.

2.2.2.3 Келер шақ

Болжалды келер шақ келесі кестеде көрсетілген (Кесте 24):

Кесте 24 – Болжалды келер шақ үшін жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- бар- кел- қара-	-ар, р - -ер, р - -ар, р - -ер, р	-мын ; -мін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	- - көпш е : -	8 8 8 8
Барлығы:						32

Мысалы: айт-ар-мын. Мұнда: «айт» – түбірі, «ар» - есімше жалғауы, «мын» - бірінші жақтың жіктелу жалғауы. Болжалды келер шақтың болымсыз түрі келесі кестеде көрсетілген (Кесте 25):

Кесте 25 – Болжалды келер шақтың болымсыз түрі үшін жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- бар-	-ар, р + емес- -ер, р + емес-	-пын; -пін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	- -	5 5
қара- төле-	-ар, р + емес- -ер, р + емес-	көпше: -пыз; -піз;	көпше: -сыңдар; -сіңдер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпш е : - -	5 5
Барлығы:						20

Мысалы: айт-ар емес-пін. Мұнда: «айт» – түбірі, «ар» - есімше жалғауы, «емес» - болымсыз, «пін» - бірінші жақтың жіктелу жалғауы.

Кесте 26 – Мақсатты келер шақ үшін жалғауларды шығару

Мысал дар	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл-	- мақ,бақ,пақ- -мек,бек,пек	-пын; -пің;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-шы -ші	12 12
кел- қара- төле-	- мақ,бақ,пақ- -мек,бек,пек -	көпше : -пыз; -піз;	көпше : -сыңдар; -сіңдер;	көпше : -сыздар; -сіздер;	көп ше : -шы -ші	12 12
Барлығы:						48

Мысалы: айт-пақ-пын. Мұнда: «айт» – түбірі, «пақ» - есімше жалғауы, «пын» - бірінші жақтың жіктелу жалғауы.

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі үшін жалғалардың саны 18-ге тең. Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі келесі кестеде көрсетілген (Кесте 27):

Кесте 27 – Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі үшін жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл- бар- кел- қара-	-мақ, бақ, пақ + емес- -мек, бек, пек + емес-	-пын; -пін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-шы емес -ші емес	6 6
	-мақ, бақ, пақ + емес- -мек, бек, пек + емес-	көпше: -пыз; -піз;	көпше: -сыңдар; -сіңдер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -шы емес -ші емес	3 3
Барлығы:						18

Мысалы: айт-пақ емес-пін. Ауыспалы келер шақ келесі кестеде көрсетілген (Кесте 28):

Кесте 28 – Ауыспалы келер шақ үшін жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл- бар- кел- қара- төле-	-а, й- -е, и-	-мын; -мін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-ды -ді	8 8
	-а, й- -е, и-	көпше: -мыз; -міз;	көпше: -сыңдар; -сіңдер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -ды -ді	8 8
Барлығы:						32

Мысалы: айт-а-мын. Мұнда: «айт» – түбірі, «ар» - көсемше жалғауы, «мын» - бірінші жақтың жіктелу жалғауы.

Ауыспалы келер шақтың болымсыз түрі келесі кестеде көрсетілген (Кесте 29):

Кесте 29 – Ауыспалы келер шақтың болымсыз түрі үшін жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
-------	-----------	-------	-------	-------------------	-------	----------------

Кесте 29 жалғасы

айт-күл-кел-қара-төле-	-ба, ма, па- й- -бе, ме, пе- й-	-мын ; -мін;	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-ды -ді	12 12
	-ба, ма, па- й- -бе, ме, пе- й-	көпше: -мыз; -міз ;	көпше: -сындар; -сіңдер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -ды -ді	12 12
Барлығы:						48

Мысалы: айт-па-й-мын.

2.2.2.4 Есімше үшін жалғаулар жүйесін шығару

Есімше негізіне көптік жалғаулардың (РК) жалғануының түріне жалғауларды шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 30).

Кесте 30 – РК жалғауларды шығару

	Р жалғау түріндегі аффикстер	Т жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
Мысалдар	- ған, ген- - қан, кен- - атын, етін - йтын, йтін- - ушы, уші- - ар,ер,р-	- дар, дер - лар, лер	14
бар-	- ған -	- дар	
кел-	- ген-	- дер	
ат-	- қан-	- дар	
жет-	- кен-	- дер	
бар-	-атын-	- дар	
кел-	-етін-	- дер	

Кесте 30 жалғасы

жыла-	- йтын-	- дар	
биле-	- йтін	- дер	
тыңда-	- ушы-	- лар	
төле-	- уші-	- лер	
бар-	- ар -	- лар	
кел-	-ер-	- лер	
сөйле-	-р-	- лер	
тыңда-	-р-	- лар	

Есімшенің тәуелденуі RT түрінде белгіленген (R – есімшенің жалғау негізі, T – тәуелдік жалғаулары). RT түріне жалғауларын шығару төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 31):

Кесте 31 – RT жалғауларды шығару

	R жалғау түріндегі аффикстер	T жалғау түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
		Соңғы дыбыс		
		Жекеше	көпше	
Мысалдар	- ған, ген- - қан, кен- - атын, етін - йтын, - йтін- - ушы, уші- - ар, ер - р	- ым, ім	- ымыз, іміз	14*5=70
		- ың, ің	- ыңыз, іңіз	
		- ыңыз, іңіз	- ыңыз, іңіз	
		- ы, і	- ы, і	
бар-	- ған -	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
кел-	-ген-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
ат-	-қан-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
жет-	-кен-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5

Кесте 31 жалғасы

бар-	-атын-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
кел-	-етін-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
жыла-	- йтын-	- ым,ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
биле-	- йтін	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
тыңда-	- ушы-	- ым,ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
төле-	- уші-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
бар-	- ар -	- ым, ың, ыңыз,ы	- ымыз	5
кел-	-ер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
сөйле-	-р-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
тыңда-	-р-	- ым,ың, ыңыз, ы	- ымыз	5

РС түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 32):

Кесте 32 – РС жалғауларды шығару

	Р жалғау түріндегі аффикстер	С жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
	Мысалдар	- ған, ген- - қан, кен- - атын, етін - йтын, йтін- - ушы, уші- - ар, ер - р	- -дың, дің , ның, нің, тың, тің; -а, е, ға , ге , қа,ке, на, не; -н, на, не, ды, ді, ты,ті; -да, де, нда, нде, та,те; -дан, ден, нан, нен, тан, тен; -бен, мен, тен
бар-	- ған -	- ның, ға ,ды,да,нан,мен	6

Кесте 32 жалғасы

кел-	-ген-	- нің, ге, ді, де, нен, мен	6
ат-	-қан-	- ның, ға, ды,да, нан, мен	6
жет-	-кен-	- нің, ге, ді, де, нен, мен	6
бар-	-атын-	- ның, ға ,ды, да, нан,мен	6
кел-	-етін-	- нің, ге, ді, де, нен, мен	6
жыла-	- йтын-	- ның, ға, ды, да, нан, мен	6
биле-	- йтін	- нің, ге, ді, де, нен, мен	6
тыңда-	- ушы-	- ның,ға, ды, да, нан, мен	6
төле-	- уші-	- нің, ге, ді, де, нен, мен	6
бар-	- ар -	- дың, ға , ды, да, дан, мен	6
кел-	-ер-	- дің, ге ,ді, де, ден, мен	6
сөйле-	-р-	- дің, ге ,ді, де, ден, мен	6
тыңда-	-р-	- дың, ға , ды, да, дан, мен	6

RJ түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 33):

Кесте 33 – RJ жалғауларды шығару

	R жалғау түріндегі аффикстер	J жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
Мысалдар	- ған, ген- - қан, кен- - атын, етін - йтын, йтін- - ушы, уші- - ар, ер - р	J1)-мын, мін, бын,бін; мыз,міз, быз, біз; J2)-сың; сің; сындар, сіңдер; J3)-сыз; сіз; сындар, сіздер;	14*6=84
бар-	- ған -	-мын, сың, сыз, быз, сындар,сындар;	6

Кесте 33 жалғасы

кел-	-ген-	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
ат-	-қан-	-мын ,сың, сыз, быз, сыңдар, сыздар;	6
жет-	-кен-	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
бар-	-атын-	-мын, сың, сыз, быз, сыңдар, сыздар;	6
кел-	-етін-	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
жыла-	- йтын-	-мын, сың, сыз, быз, сыңдар, сыздар;	6
биле-	- йтін	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
тыңда-	- ушы-	-мын ,сың, сыз, быз, сыңдар, сыздар;	6
төле-	- уші-	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
бар-	- ар -	-мын ,сың, сыз, быз, сыңдар, сыздар;	6
кел-	-ер-	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
сөйле-	-р-	-мін, сің, сіз, біз, сіңдер, сіздер;	6
тыңда-	-р-	-мын, сың, сыз, быз, сыңдар, сыздар;	6

РКТ түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 34):

Кесте 34 – РКТ жалғауларды шығару

	R жалғау түріндегі аффикс-тер	K жалғау түріндегі аффикстер	T жалғау түріндегі аффикстер		Жалғаулар саны
			Соңғы дыбыс		
			Жекеше	көпше	
Мысал	-ған, ген-	- дар-	- ым, ім	- ымыз,	14*5=70
	-қан, кен-	- дер-		іміз	
	-атын, етін-	- лар-	- ың, ің	- ыңыз, іңіз	
	-йтын, йтін,	- лер-	- ыңыз, іңіз	- ыңыз, іңіз	
	-ушы, уші-	- тар-			
-ар,ер-	- тер-	- ы, і	- ы, і		
	-р-				

Кесте 34 жалғасы

бар -	-ған -	-дар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
кел -	-ген-	-дер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
ат-	-қан-	-дар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
жет -	-кен-	-дер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
бар -	-атын-	-дар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
кел -	-етін-	-дер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
жы ла-	- йтын-	-дар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
бил е-	- йтін	-дер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
тың да-	- ушы-	-лар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
төл е-	- уші-	-лер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
бар -	- ар -	-лар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5
кел -	-ер-	-лер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
сөй ле-	-р-	-лер-	- ім, ің, іңіз, і	- іміз	5
тың да-	-р-	-лар-	- ым, ың, ыңыз, ы	- ымыз	5

РКС түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 35). РКС жалғауларын орналастыруын шығаруды мысалмен көрсетілген. Есімшенің әр жалғауына көптік және септік жалғауларының жалғануы көрсетілген.

Кесте 35 – РКС жалғауларды шығару

	R жалғау түріндегі аффикстер	K жалғау түріндегі аффикстер	C жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
				14*6=84
Мысал	-ған, ген- қан, кен- атын, етін- йтын, йтін, ушы, уші- ар ер-, р-	- дар- дер- лар- лер- тар- тер-	1)- 2)-дың, дің, ның, нің, тың, тің; 3)-а, е, ға, ге, қа, ке, на, не; 4)-н, на, не, ды, ді, ты, ті; 5)-да, де, нда, нде, та, те; 6)-дан, ден, нан, нен, тан, тен; 7)-бен, мен, тен	
бар-	- ған -	-дар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6
кел-	-ген-	-дер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
ат-	-қан-	-дар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6
жет-	-кен-	-дер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
бар-	-атын-	-дар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6
кел-	-етін-	-дер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
жыла-	- йтын-	-дар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6
биле-	- йтін	-дер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
тыңда-	- ушы-	-лар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6
төле-	- уші-	-лер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
бар-	- ар -	-лар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6
кел-	-ер-	-лер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
сөйле-	-р-	-лер-	- дің, ге, ді, де, ден, мен	6
тыңда-	-р-	-лар-	- дың, ға, ды, да, дан, мен	6

Есімше негізді сөзге көптік, жіктік жалғауларының жалғануы, яғни РКЖ түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 36):

Кесте 36 – РКЖ жалғауларын шығару

	Р жалғау түріндегі аффикстер	К жалғау түріндегі аффикстер	Ј жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
		-ған, ген- -қан, кен- -атын, етін-	дар, дер, лар, лер, тар, тер-	Ј1)-мын ,мін, бын,бін; мыз, міз, быз,біз;;
Мы сал	-йтын, йтін- -ушы, уші- -ар,ер- -р-		Ј2)-сың; сің; сыңдар, сіңдер; Ј3)-сыз; сіз; сыздар, сіздер	
бар -	- ған -	-дар-	- мыз,сыңдар, сыздар;	3
кел -	-ген-	-дер-	- міз ,сіңдер,сіздер;	3
ат-	-қан-	-дар-	- мыз,сыңдар,сыздар;	3
жет -	-кен-	-дер-	- міз, сіңдер, сіздер;	3
бар -	-атын-	-дар-	- мыз, сыңдар, сыздар;	3
кел -	-етін-	-дер-	- міз, сіңдер, сіздер;	3
жы ла-	- йтын-	-дар-	- мыз, сыңдар, сыздар;	3
бил е-	- йтін	-дер-	- міз, сіңдер, сіздер;	3
тың да-	- ушы-	-лар-	- мыз, сыңдар, сыздар;	3
төл е-	- уші-	-лер-	- міз, сіңдер, сіздер;	3
бар -	- ар -	-лар-	- мыз, сыңдар, сыздар;	3
кел -	-ер-	-лер-	- міз, сіңдер, сіздер;	3
сөй ле-	-р-	-лер-	- міз, сіңдер, сіздер;	3
тың да-	-р-	-лар-	- мыз, сыңдар, сыздар;	3

RTC түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 37).
 RTC орналастыру түріне жалғауларын шығаруда, есімшенің тәуелденуі мен септелуі көрсетілген, сонымен қатар оның әр жалғау түрін қарастыратын мысал көрсетілген.

Кесте 37 – RTC жалғауларды шығару

Мысал	R жалғау түріндегі аффикстер	T жалғау түріндегі аффикстер		C жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
		Соңғы дыбыс			
	-ған, ген- -қан, кен- -атын, етін- -йтын, йтін- -ушы, уші- -ар, ер- -р-	-ым, ім -ың, ің ыңыз, іңіз -ы, і	-ымы, іміз; -ыңыз, іңіз; -ыңыз, іңіз; -ы, і	1)- 2)-дың, дің, ның, нің, тың, тің; 3)-а, е, ға, ге, қа, ке, на, не; 4)-н, на, не, ды, ді, ты, ті; 5)-да, де, нда, нде, та, те; 6)-дан, ден, нан, нен, тан, тен; 7)-бен, мен, тен	14*30=420
бар-	- ған -	-ым, ың, ыңыз, ы, ымыз -		- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
кел-	-ген-	-ім, ің, іңіз, і, іміз -		- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
ат-	-қан-	- ым, ың, ыңыз, ы, ымыз-		- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
жет-	-кен-	-ім, ің, іңіз, і, іміз -		- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
бар-	-атын-	-ым, ың, ыңыз, ы, ымыз-		- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
кел-	-етін-	-ім, ің, іңіз, і, іміз -		- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
жыла-	- йтын-	-ым, ың, ыңыз, ы, ымыз-		- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
биле-	- йтін	-ім, ің, іңіз, і, іміз -		- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30

Кесте 37 жалғасы

тыңда-	- ушы-	-ЫМ, ЫҢ, ЫҢЫЗ, Ы,ЫМЫЗ-	- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
төле-	- уші-	-ім, ің, іңіз, і,іміз -	- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
бар-	- ар -	-ЫМ, ЫҢ, ЫҢЫЗ, Ы, ЫМЫЗ-	- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
кел-	-ер-	-ім, ің, іңіз, і,іміз -	- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
сөйле-	-р-	-ім, ің, іңіз, і,іміз -	- нің, дің; е; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
тыңда-	-р-	-ЫМ, ЫҢ, ЫҢЫЗ, Ы, ЫМЫЗ-	- ның, дың; а; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30

RCJ талдауы түріне арналған жалғауларды шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 38):

Кесте 38 – RCJ жалғауларды шығару

	Р жалғау түріндегі аффикстер	С жалғау түріндегі аффикстер	Ж жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
Мысал	-ған, ген- -қан, кен- -атын, етін- -йтын, йтін- -ушы, уші- -ар,ер- -р-	1)- 2)-дың, дің, ның, нің, тың, тің; 3)-а, е, ға , ге, қа, ке, на, не; 4)-ны, ні, ды, ді, ты, ті, н; 5)-да, де, нда, нде, та,те; 6)-дан, ден, нан, нен, тан, тен; 7)-бен, мен, тен	Ж1)-мын, мін, бын, бін; мыз, міз, быз, біз; Ж2) -сың; сің; сындар, сіндер; Ж3) -сыз; сіз; сындар, сіндер;	14*24=336
бар-	- ған -	- ға, да, нан, мен, -	- мын, сың, сыз; мыз, сындар, сындар,	4*6=24
кел-	-ген-	- ге,де,нен,мен -	- мін,сің,сіз; міз, сіндер, сіндер;	4*6=24

Кесте 38 жалғасы

ат-	-қан-	- ға, да, нан, мен, -	- мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
жет-	-кен-	- ге,де,нен,мен -	- міз, сіндер, сіздер; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
бар-	-атын-	- ға, да, нан, мен, -	- мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
кел-	-етін-	- ге, де, нен, мен -	- міз, сіндер, сіздер; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
жыла-	- йтын-	- ға, да, нан, мен, -	- мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
биле-	- йтін	- ге, де, нен, мен -	- міз, сіндер, сіздер; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
тыңда-	- ушы-	- ға, да, нан, мен, -	- мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
төле-	- уші-	- ге, де, нен, мен -	- міз, сіндер, сіздер; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
бар-	- ар -	- ға, да, дан, мен-	- мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
кел-	-ер-	- ге ,де,ден,мен -	- міз, сіндер, сіздер; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
сөйле-	-р-	- ге , де,ден,мен -	- міз, сіндер, сіздер; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
тыңда-	-р-	- ға , да, дан, мен -	- мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24

Есімшеге көптік, тәуелдік, септік жалғауларының жалғану (RKTC) түріне жалғауларын шығару төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 39).

RKTC түріне шығарылған жалғаулардың жалпы саны 420-ға тең.

Кесте 39 – РКТС жалғауларды шығару

	R жалғау түріндегі аффикстер	K жалғау түріндегі аффикстер	T жалғау түріндегі аффикстер		C жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
			Соңғы дыбыс			
Мысал	-ған, ген- -қан, кен- -атын, етін- -йтын, йтін- -ушы, уші- -ар, ер- -р-	- дар- - дер- - лар- - лер- - тар - тер	-ЫМ, ім -ЫҢ, ің - ЫҢЫЗ, іңіз -ы ,і	-ЫМЫЗ, іміз ; -ЫҢЫЗ, іңіз; -ЫҢЫЗ, іңіз; -ы, і	1)- 2)-дың, дің , ның, нің, тың, тің; 3)-а, е, ға, ге, қа, ке, на, не; 4)-н, на, не, ды, ді, ты, ті; 5)-да, де, нда, нде, та, те; 6)-дан, ден, нан, нен, тан, тен; 7)-бен, мен, тен	14*30= 420
бар-	- ған -	-дар	-ЫМ, ЫҢ, ЫҢЫЗ, Ы, ЫМЫЗ -		- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
кел-	-ген-	-дер	-ім, ің, іңіз, і, іміз -		- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
ат-	-қан-	-дар	-ЫМ, ЫҢ, ЫҢЫЗ, Ы, ЫМЫЗ-		- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30

Кесте 39 жалғасы

жет-	-кен-	-дер	-ім, ің, іңіз, і, іміз -	- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
бар-	-атын-	-дар	-ым, ың, ыңыз, ы, ымыз-	- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
кел-	-етін-	-дер	-ім, ің, іңіз, і, іміз -	- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
жыла-	- йтын-	-дар	-ым, ың, ыңыз, ы, ымыз-	- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
биле-	- йтін	-дер	-ім, ің, іңіз, і,іміз -	- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
тыңда-	- ушы-	-лар	- ым,ың,ыңыз, ы,ымыз-	- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
төле-	- уші-	-лер	-ім, ің, іңіз, і,іміз -	- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
бар-	- ар -	-лар	-ым, ың, ыңыз, ы, ымыз -	- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30
кел-	-ер-	-лер	-ім, ің, іңіз, і, іміз -	- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30

Кесте 39 жалғасы

сөйле-	-р-	-лер	-ім, ің, іңіз, і, іміз -	- нің, дің; е, ге; ді; де; нен, ден; мен, бен;	5*6=30
тыңда-	-р-	-лар	-ЫМ, ЫҢ, ЫҢЫЗ, Ы, ЫМЫЗ-	- ның, дың; а, ға; ды; да; нан, дан; мен, бен;	5*6=30

РКСЖ талдауы түріне жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 40):

Кесте 40 – РКСЖ жалғауларды шығару

	Р жалғау түріндегі аффикстер	К жалғау түріндегі аффикстер	С жалғау түріндегі аффикстер	Ж жалғау түріндегі аффикстер	Жалғаулар саны
Мысал	-ған, ген-қан, кен-атын, етін-йтын, йтін-ушы, уші-ар, ер-	- дар-дер-лар-лер-тар-тер	1)- 2)-дың, дің, ның, нің, тың, тің; 3)-а, е, ға, ге, қа, ке, на, не;	Ж1)-мын, мін, бын, бін; мыз, міз, быз, біз; Ж2) -сың; сің; сыңдар, сіндер;	14*24=336
	-р-		4)-ны, ні, ды, ді, ты, ті, н; 5)-да, де, нда, нде, та, те; 6)-дан, ден, нан, нен, тан, тен; 7)-бен, мен, тен	Ж3)-сыз; сіз; сыздар, сіздер	
бар-	-ған -	-дар	- ға, да, нан, мен -	-мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
кел-	-ген-	-дер	- ге, де, нен, мен -	-мін, сің, сіз; міз, сіндер, сіндер;	4*6=24
ат-	-қан-	-дар	- ға, да, нан, мен -	-мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24

Кесте 40 жалғасы

жет-	-кен-	-дер	- ге, де, нен, мен -	-мін,сің,сіз; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
бар-	-атын-	-дар	- ға, да, нан, мен, -	-мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
кел-	-етін-	-дер	- ге, де, нен, мен -	-мін, сің, сіз; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
жыла -	- йтын-	-дар	- ға, да, нан, мен, -	-мын,сың,сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
биле-	- йтін	-дер	- ге,де,нен,мен -	-мін,сің,сіз; міз,сіндер, сіздер;	4*6=24
тыңд а-	- ушы-	-лар	- ға, да, нан, мен, -	-мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
төле-	- уші-	-лер	- ге, де, нен, мен -	-мін, сің, сіз; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
бар-	- ар -	-лар	- ға, да, дан, мен-	-мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар,	4*6=24
кел-	-ер-	-лер	- ге, де, ден, мен -	-мін, сін, сіз; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
сөйле -	-р-	-лер	- ге, де, ден, мен -	-мін, сің, сіз; міз, сіндер, сіздер;	4*6=24
тыңд а-	-р-	-лар	- ға, да, дан, мен -	-мын, сың, сыз; мыз, сыңдар, сыздар	4*6=24

2.2.2.5 Көсемше үшін жалғаулар жүйесін шығару

Көсемшенің жіктелу (RJ) жалғаулары келесі кестеде көрсетілген (Кесте 41):

Кесте 41 – RJ жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл- бар-	-а, е, й- + етістік-	-мын; пын -мің; пің	-сың; -сің;	-сыз; -сіз;	-ды, ты -ді, ті	6
кел- қара- төле-	-ып, іп, п- + етістік-	көпше: -мыз;пыз -міз ;піз	көпше: -сыңдар; -сіндер;	көпше: -сыздар; -сіздер;	көпше: -ды, ты -ді, ті	

	-ғалы, гелі, қалы, келі- + етістік-	-МЫН; ПЫН -МІҢ; ПІҢ	-СЫҢ; -СІҢ;	-СЫЗ; -СІЗ;	-	4
		-МЫЗ; ПЫЗ -МІЗ; ПІЗ	-СЫҢДАР; -СІҢДЕР;	-СЫЗДАР; -СІЗДЕР;	-	
Барлығы:						10

2.2.2.6 Етістіктің рай формасы үшін жалғаулар жүйесін шығару

Шартты рай үшін жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 42):

Кесте 42 – Шартты жай жалғауларды шығару

Мысал	аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл- бар- кел- қара- төле-	-са, -се,	-м	-ң	-ңыз; -ңіз;	-	8
	-са, се,	көпше: -қ, қ	көпше: -ндар; -ндер;	көпше: -ңыздар; -ңіздер;	көпше: - -	8
Барлығы:						16

Бұйрық рай жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 43):

Кесте 43 – Бұйрық рай жалғауларын шығару

Мысал	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
айт- жаз- күл- кел-	-айын; -ейін; -йын; -йін	-	-ыңыз; -іңіз; -ңыз; -ңіз	-сың; -сің	10
	көпше : -айық; -ейік; -йық; -йік	көпше : -ындар; -індер; -ндар; -ндер;	көпше : -ыңыздар; -іңіздер; -ңыздар; -ңіздер;	көпше: -сың; -сің	12
Барлығы:					22

Қалау райы жалғауларын шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 44):

Кесте 44 – Қалау райы жалғауларды шығару

Мысал	Аффикстер	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Көмекші етістік	Аффикстер	Жалғаулар саны
айт-күл-бар-кел-	-ғы, қы; -гі, кі	-м;	-ң;	-ңыз; -ңіз;	-шы; -ші	+ кел-	-еді; -ді; -ген; -ер; -етін; -іпті.	4*4=16
	-ғы, қы; -гі, кі	-мыз , міз	-ларың; -лерің;	ларыңыз; -леріңіз;	-лары; -лері	+ кел-	-еді; -ді; -ген; -ер; -етін; -іпті.	4*4=16
Барлығы:								32

2.2.2.7 Етістер үшін жалғаулар жүйесін шығару

Етістер үшін жалғауларды шығару келесі кестеде көрсетілген (Кесте 45):

Кесте 45 – Етістер үшін жалғауларды шығару

Етіс түрі	Мысалдар	Етіс аффикстері	аффикстер (жедел өткен шақ)	1 жақ	2 жақ	2 жақ (сыпайы)	3 жақ	Жалғаулар саны
Өздік	жу-ки-тара-	-ын- -ін- -н-	-ды, ді-	-м; мыз -м; міз -м; мыз	-ң; ңдар, -ң; ңдер; -ң; ңдар	-ңыз; ңыздар -ңіз; ңіздер -ңыз; ңыздер	- - -	3*7=21
Ырықсыз	жу-ки-тара-	-ыл- -іл- -л-	-ды, ді;	-м; мыз -м; міз -м; мыз	-ң; ңдар, -ң; ңдер; -ң; ңдар	-ңыз; ңыздар -ңіз; ңіздер -ңыз; ңыздер	- - -	3*7=21

Кесте 45 жалғасы

Ортақ	жаз- көр- қара-	-ыс- -іс- -с-	-ты, ті;	-м; мыз -м; міз -м; мыз	-ң; ңдар, -ң; ңдер; -ң; ңдар	-ңыз; ңыздар -ңіз; ңіздер -ңыз; ңыздер	- - -	3*7=21
Өзгелік	жаз- ки- айт- жуын - киін- шап- сеп- қара-	-ғыз, гіз; -қыз, кіз; -дыр, дір; -тыр, тір; -т;	-ды, ді- -ты, ті-	-м; мыз -м; міз	-ң; ңдар, -ң; ңдер;	-ңыз; ңыздар -ңіз; ңіздер	- -	9*7=63
Барлығы:								126

2.2.3 Сын есім, үстеу үшін сөздер туындату аффикстерін шығару

Сын есім, үстеу үшін жалғауларды жинау келесі кестеде көрсетілген (Кесте 46):

Кесте 46 – Сын есім, үстеу үшін жалғауларды шығару

Мысалдар	аффикстер	Жалғаулар саны
қазақ-ша; неміс-ше;	-ша, ше;	2
ақша-лай; тіке-лей;	-лай, лей;	2
жаз-дай; күз-дей;	-дай, дей;	2
қыс-тай; терек-тей;	-тай, тей;	2
сон-шалық;	-шалық;	1
мын -шама;	-шама;	1
астырт-ын; үстірт-ін;	-ын, ін;	2
шаруа-қор;	-қор;	1
қыс-қы; іш-кі;	-қы,кі;	2
жаз-ғы; күз-гі;	-ғы, гі;	2
сыр-лас; пікір-лес;	-лас, лес;	2
мын -дас; тіл-дес;	дас,дес;	2
ұлт-тас; ит-тес;	-тас, тес;	2
пайда-лы; әсер-лі;	-лы, лі;	2
сақал-ды ; дәм-ді;	-ды , ді;	2
бұлт-ты; еп-ті;	-ты, ті;	2

Кесте 46 жалғасы

әсер-лік;	-лық,лік	2
аудан-дық;	-дық,дік;	2
азамат-тық;	-тық, тік;	2
әсем -паз;	-паз;	1
білім -сіз;	-сыз,сіз;	2
шап-щаң;	-шаң, шең;	2
ұйқы-шыл;	-шыл, шіл;	2
алты-ншы;	-ншы, нші;	2
сегіз-інші;	-ыншы, інші;	2
Барлығы:		47

Қазақ тілі үшін CSE-моделі негізінде шығарылған жалғаулар саны 4727-ге тең.

2- бөлім бойынша тұжырымдар

Диссертациялық жұмыстың бұл бөлімінде нейронды машиналық аудармада қолданылатын нейронды желі модельдері қарастырылды, оның ішінде нейронды машиналық аударманы оқыту кезінде жиі кездесетіні – рекурентті желі, тізбектіліктен тізбектілікке (seq2seq) және ұзақ мерзімді LSTM модельдері. Осы аталған модельдер негізінде қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасын үлкен көлемді параллельді корпустармен оқыту кезінде жады мәселесі туындады. Қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасында мәселені шешу мақсатында корпусты морфологиялық сегменттеу арқылы шешім ұсынылды. Морфологиялық сегменттеу CSE-моделі негізінде жасалынды.

CSE-моделі комбинаторикалық әдіснамаға негізделу арқылы шығарылды, мұнда тілдің лингвистикалық ерекшеліктері мен заңдарын есепке алу арқылы жасалынды. Бұл модельде жалпы қазақ тіліндегі 4 жалғау түрлері негізінде комбинаторика арқылы есептеліп, мүмкін болатын жалғаулар тізбектілігі шығарылған. Осы бөлімде жалғаулардың толық жиынын шығару келтірілген. CSE-моделіндегі қазақ тілі үшін жалғаулар саны – 4727. CSE-моделі негізінде алынған жалғаулар жиынын ары қарай қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасында морфологиялық сегменттеуде қолданылды. Аталмыш модель негізінде сегменттеу оқыту кезіндегі туындаған жады мәселесі мен сөздік көлемін азайтуда айтарлықтай қолданыс тапты.

3 ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ CSE-МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕУ МОДЕЛІ МЕН АЛГОРИТМІН ҚҰРУ

Машиналық аударманың сегменттеу мәселесі статистикалық және нейрондық аудармада дереккөз сөйлемдерінің элементтерін сәйкестендірудің тиімділігін арттыратын және статистикалық машиналық аудармаға арналған тілдердің таралуын жақсартатын құрал ретінде пайда болды.

Сөздік қорының көлемі - нейронды машиналық аударманы оқыту кезінде маңызды параметр. Үлкен сөздікті жад қателігіне жатқызуға болады. Сөздікке барлық сөз формаларын қосу қажетті жад кеңістігін арттырады.

Сегменттеу әдісі сонымен қатар машиналық аударма жүйесіндегі сөздіктер үшін жадының толып кетуінің техникалық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Әдетте бұл мәселе нейронды машиналық аудармада агглютативті тілдерге байланысты туындайды, бұл нейронды машиналық аударма жүйесі тілдің әр сөз түрін (сөз толығымен, сөздің негізін ғана емес) жүйелік сөздікте жеке сөз ретінде сақтайтындығымен байланысты болады. Бұл көбінесе машиналық жүйенің сөздігінің толып кетуіне әкеледі. Кіріс корпусы неғұрлым үлкен болса, жүйелік сөздіктерге көбірек жады қажет. Сегменттеу әдісі системалық сөздіктердің жадының толып кету проблемасын тиімді шешеді.

Бұл бөлімде Түркі тілдес отбасына жататын, қазақ тілі үшін морфологиялық сегменттеу моделі мен алгоритмі көрсетілген.

3.1 Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде морфологиялық сегменттеудің моделін құру

Шағын ресурстық тілдерге морфологиялық сегменттеу мәселесін шешу кезінде де қазақша жалғаулардың толық жиынтығын қолдану [55] жұмыста қарастырылған. Осы бөлімде CSE-моделіне негізделген морфологиялық сегменттеудің модельдері қарастырылады.

1) Жалғауларды сегменттеудің реляциялық (шешімдер кестесі) моделі көмегімен сөздерді сегменттеудің жалпы моделі: Seq-to-seq


$$K \xrightarrow{F^S} K^S$$

мұндағы, F^S – сөзді сегменттеу функциясы, K^S – сегменттелген қазақ тіліндегі мәтін, K – қазақ тіліндегі мәтін.

Қазақ тіліндегі мәтіндерді сегменттеудің жалпы моделі *тізбектіліктен тізбектілікке* моделіне негізделген. *Тізбектіліктен тізбектілікке* моделі кіріске (әріптер, сөздер, белгілер және т.б) тізбектілік элементтерін қабылдап, шығыс ретінде басқа тізбектілік элементтерін қайтаратын модель болып табылады. Нейронды машиналық аудармада тізбектіліктен тізбектілікке моделінің жұмыс істеу принципі туралы 4.1.2 бөлімде нақтырақ қарастырылған.

2) F^S – сөзді сегменттеу функциясының құрылымы:

Жалпы модельден жалғауларды сегменттеу F^S функциясы негізінде орындалатыны көрсетілген. F^S функциясының орындалу сұлбасы төменде 3.1-суретте көрсетілген.



Сурет 3.1 – F^S функциясының құрылымы

Сұлбадағы белгілеулер келесілерді білдіреді: Y^S – сөзді сегменттеудің басқарылатын блогы, T^S – реляциялық модель (шешімдер кестесі), E^w – сөздің жалғауы, E^S – сөздің сегменттелген жалғауы.

Бұл жерде қазақ тіліндегі мәтін (K) сөзді сегменттеудің блогына кіреді, одан кейін Y^S сегменттеудің басқарылатын блогы T^S – реляциялық моделінен (шешімдер кестесінен) E^w – сөздің жалғауын іздейді, ізделінген E^w жалғауына сәйкес E^S жалғау сегменттелуін қайтарады.

3) Сөзді сегменттеудің басқарылатын блогы Y^S моделі (алгоритмдік моделі)

Y^S моделінде келесідей қадамдар орындалады:

1. Стемминг: $w_i := st_i + E_i$
2. E_i -ді T^S -тан іздеу
3. E_i сегменттеу: $E_i^S := T^S(E_i)$
4. Біріктіру: $st_i + E_i^S$

K қазақ тіліндегі мәтін сөзді сегменттеудің басқарылатын блогы Y^S -ке түседі. Блок ішінде алдымен стемминг, сөздің негізіне келтіру орындалады. Құрылған CSE-моделі негізіндегі стеммингті орындаудың толық алгоритмі 3.2.1 бөлімінде толық көрсетілген.

Стемминг алгоритмі негізінде K қазақ тіліндегі мәтін сөздің негізі st_i мен E_i жалғауына ажыратылып алынады, яғни w_i сөзі $st_i + E_i$ түрінде болады. Келесі қадамда бөлініп алынған E_i жалғауы T^S реляциялық моделінен ізделінеді. T^S моделінің құрылымы төменде көрсетілген. E_i^S сегменттелген жалғау $T^S(E_i)$ негізінде алынады. Соңғы қадамда st_i сөз негізі мен E_i^S сегменттелген жалғау біріктіріледі.

4) T^S реляциялық модель (шешімдер кестесі) моделі: $E^S = T^S(E)$

T^S реляциялық модель (шешімдер кестесі) моделі қазақ тілінің CSE-моделімен шығарылған жалғаулардың толық тізімінен тұрады. Жалғаулардың толық жүйесі шешімдер кестесі түрінде ұсынылған. Шешімдер кестесінің

алғашқы бағанында жалғау, ал оның екінші бағанында сәйкес жалғаудың аффикстерге сегменттелуі көрсетілген (Кесте 47).

Кесте 47– Жалғаулардың толық жүйесі үшін шешім кестесі

Жалғаулар	Сегменттеу
...	...
...	...
...	...

CSE модельдерін қолдану сөзді сегменттеу мәселесінің шешімін шешімдер кестесі түрінде көрсетуге мүмкіндік береді, оның бір бағанында жалғау, ал екінші бағанда жалғаудың негізгі аффикстерге бөлінуі көрсетіледі. CSE моделіне негізделген сегменттеудің реляциялық моделінің шешімдер кестесі 48 кестеде ұсынылған.


Кесте 48 – Жалғауларды сегменттеудің реляциялық моделінен үзінді

Жалғаулар	Ішкі сегменттелуі
тарыңызданмын	тар@@ ыңыз@@ дан@@ мын
тарыңыздан	тар@@ ыңыз@@ дан
тардан	тар@@ дан
йтындар	йтын@@ дар
дан	дан
сы	сы
у	у
і	і

Бұл кестеден жалғаулардың негізгі аффикстерге бөлінуі көрсетілген. Қалған жалғаулардың толық жиынының сегменттерге бөлінуі Б қосымшасында келтірілген.


5) Біріктірілген F^S моделі

Жоғарыда айтылған модельдер негізінде біріктіру орындалады, нәтижесінде қазақ тіліндегі сегменттелген K^S алынады. Біріктірілген F^S моделі 3.2-суретте көрсетілген.



Сурет 3.2 – Біріктірілген F^S моделі

Айтылған модельдердің жұмысын көру үшін мысал: w_i – балаларға (Сурет 3.3).



Сурет 3.3 – Мысал

Алдымен берілген сөз стемминг қадамынан өтеді. Қазақ тілінде сөздің минималды түбірі 2-ге тең. Бірінші қадамда ба-лаларға деп бөледі, “лаларға” CSE-моделінің толық жалғаулардың тізімінен іздейді, алайда ондай жалғау табылмады. Ары қарай сөз негізін “бал” деп алып, жалғауын “аларға” деп ізделінеді. Бұл жағдай да жалғаулардың толық тізімінде табылмады. Одан кейін негізін “бала” деп алып, жалғауын “ларға” деп тізімнен тағы ізделінді, бұл жағдайда жалғау табылды. Осы қадамда берілген мысал сөзі негіз бен жалғауға бөліне отырып алынды.

Стемминг аяқталған соң, жалғауы ажыратып алынған жалғау E_i -ді T^S шешімдер кестесінен іздейді. Шешімдер кестесінен ізделінген жалғаудың E_i^S аффикстерге сегменттелуін алады. Ең соңында сөз негізі мен сегменттелген жалғау біріктіріледі.

3.2 Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде морфологиялық сегменттеу алгоритмін құру

Сөздердің морфологиялық сегменттеу алгоритмі түркі тобына кіретін барлық тілдер үшін бірдей болады. Бұл алгоритм екі қадамды қамтиды [60]:

- 1) негіз бен жалғауларға бөлу;
- 2) жалғауларды негізгі аффикстерге бөлу.

3.2.1 Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде стемминг алгоритмін құру

Қазақ тілінің CSE-моделі негізінде стемминг алгоритмі 2 түрге бөлінеді: лексиконға тәуелсіз стемминг және негіз-лексиконды стемминг.

CSE морфологиясы моделіне негізделген лексиконның негізгі түсініктемесі төменде сипатталған. Алдымен, берілген сөздің максималды ұзындығын табу керек, ол сөз ұзындығынан екі таңбадан кем болмауы керек. Төменде қолданылатын белгілеулер: $e(w)$ - талданатын w сөзінің жалғауы, $st(w)$ - w сөзінің негізі, $L(w)$ - w сөзінің ұзындығы, $L[e(w)]$ - есептелген жалғау ұзындығы. Лексиконға тәуелсіз стемминг алгоритмінің қадамдары келесідей [53]:

- 1) $L(w)$ есептеу.
- 2) Талданатын сөздің жалғауының максималды ұзындығын есептеу: $L[e(w)] = L(w) - 2$, мұндағы 2 - негіздің минималды ұзындығы.
- 3) Талданатын w сөзі үшін $L[e(w)]$ ұзындығының $e(w)$ жалғауын алу.
- 4) Жалғаулар тізімінен $e(w)$ жалғау сәйкестігін іздеу. Егер ол сәйкес келсе, онда сөздің түбірі анықталады: $st(w) = w - e(w)$. 7 - қадамға өту.
- 5) Әйтпесе, талданатын сөздің жалғауының есептелген ұзындығы бірге қысқарады: $L[e(w)] = L[e(w)] - 1$.
- 6) Егер $L[e(w)] < 1$ болса, онда w сөзі жалғаусыз болады. 7 - қадамға өту, әйтпесе, 3-қадамға өту керек.
- 7) Соңы.

Алгоритмнің басында берілген сөз тілдің тоқтау сөздерінің тізімінде тексеріледі. Егер берілген сөз тоқтау сөздері тізіміне сәйкес келсе, онда ағымдағы сөзді өңдеу алгоритмнің соңына өтеді. Стемминг алгоритмінің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін тілдің негіздерінің тізімін (негіз-лексикон) қолдана отырып, негіз-лексиконды стемминг алгоритмінің нұсқасы әзірленді.

Бұл алгоритм мен лексиконға тәуелсіз стеммингпен айырмашылығы келесіде: негіз таңдалғаннан кейін тілдік негіздер тізімінде болуы қосымша тексеріледі. Негіз-лексиконды стемминг алгоритмінің қадамдары келесідей:

- 1) $L(w)$ есептеу.
- 2) Талданатын сөздің жалғауының максималды ұзындығын есептеу: $L[e(w)] = L(w) - 2$, мұнда 2 - сөздің ең минималды ұзындығы.
- 3) Талданатын w сөзі үшін $L[e(w)]$ ұзындығының $e(w)$ жалғауын таңдау.
- 4) Жалғаулардың толық жиыны тізімінде сәйкестендіру бойынша $e(w)$ іздеу. Егер ол сәйкес келсе, онда сөздің түбірі таңдалады: $st(w) = w - e(w)$.

5) $st(w)$ негізін (түбірін) тілдердің негіздер тізімінен сәйкестендіру бойынша іздеу. Егер сәйкес келсе, 8-қадамға өту;

6) Әйтпесе, талданатын сөздің жалғауының есептелген ұзындығы бірге қысқарады: $L[e(w)] = L[w] - 1$.

7) Егер $L[e(w)] < 1$ болса, онда w сөзі жалғаусыз болады. 8-қадамға өту. Әйтпесе, 3-қадамға өту.

8) Соңы.

Жоғарыда айтылған екі стемминг алгоритмдері қазақ тілінің CSE-моделінің жалғаулардың толық тізімін қолданылып жұмыс жасайды.

3.2.2 Қазақ тіліндегі мәтінді морфологиялық сегменттеу алгоритмін құру

Қазақ тіліндегі мәтіндерді морфологиялық сегменттеу алгоритмі стеммингтен кейін орындалады, яғни морфологиялық сегменттеуде негіз-лексикон стеммингтің негізге және жалғауға бөлініп алынған нәтижесі алынады. Алынған жалғау одан кейін негізгі аффикстерге сегменттеледі. Морфологиялық сегменттеуде CSE-моделі негізінде шығарылған жалғаулар тізімі негізгі аффикстерге сегменттеу үшін қолданылады.

Алгоритм келесідей:

1) Негіз-лексикон стемминг алгоритмі негізінде мәтін (немесе бір тілді корпус) негіз бен жалғауға ажыратылады;

2) Стемминг арқылы ажыратылып алынған жалғау негізгі аффикстерге шешімдер кестесі негізінде сегменттелу орындалады (Кесте 48). Төменде қазақ тілі үшін CSE-моделі негізіндегі сегменттеу алгоритмінің псевдокоды келтірілген:

```
OPENFILE 'CSE_list' for read
seg_list=[]
for each w
    do Initialize L[w]
    do calculate L [e(w)]=L (w)-2
        for each w in L [e (w)]
            MATCH e (w).
            for each e(w) in CSE_list:
                then if match e(w):
                    then do st (w) = w - e (w)
                then else
                    then do L [e (w)] = L [e (w)] - 1
    then if L [e (w)] <1:
        then Let w
    return e(w)
FUNCTION SEGMENTATION
for each e(w) in CSE_list:
    then seg_list.append(e(w))
If e(w) ∈ CSE_list:
```

```

then do SEGMENTATION(e(w))
return seg_list

```

Кесте 49 бағандарында қазақ тіліндегі сөздерінің аффикстері мен әр жалғауға сәйкес келетін негізгі аффикстердің сегменттелуі берілген. Кесте 49-да сегменттелген аффикстердің үзіндісі келтірілген.

Кесте 49 - Қазақ тілінің сегменттелген жалғаулары

Сөз табы	Сөз негізі	Жалғауы	Аффикстер тізбектілігі
зат есім	студент	теріңізбіз	тер іңіз біз
сан есім	жеті	ншімін	нші мін
есімше	оқы	ғанымыз	ған ымыз
көсемше	жаз	ыпты	ып ты
етістік	бар	дым	ды м
етіс	сал	дырттым	дырт ты м
үстеу	бір	шама	шама

Сөз жалғауын негізгі аффикстерге бөлу алгоритмі екі қадамды қамтиды, яғни алдымен жалғауды толық тізімнен іздейді, содан кейін оны сәйкес аффикстердің тізбегіне бөледі. Төмендегі Кесте 50-де сегменттелудің мысалы “қаладанмын” сөзі негізінде түсіндіріліп көрсетілген.

Кесте 50 - CSE-моделі негізіндегі морфологиялық сегменттелуіне мысал

Қадам	Морфологиялық сегменттеу	Түсініктеме
1	қа-ладанмын	‘ладанмын’ жалғаулардың толық тізімінде табылмады
2	қал-аданмын	‘аданмын’ жалғаулардың толық тізімінде табылмады
3	қала-данмын	‘данмын’ жалғаулардың толық тізімінде табылды және сегменттелді
Нәтижесі:		қала@@ дан@@ мын

Жоғарыда сипатталған алгоритм лексиконға тәуелсіз алгоритмі ретінде белгілі түркі тобының агглютинативті тілдерінің негіздерінің сөздігін пайдаланбай сөздің негізі мен жалғауын ажыратуды қарастырады.

Қазақ тілінің жалғауларының толық тізімі жалғаулардың ұзындығы бойынша сұрыпталған. Сөз жалғауының максималды ұзындығы - 13 таңба немесе әріп. Жалғаулар толық жүйесіне негізделген алгоритм екіге бөлінеді. Бірінші бөлімде сөзді түбір мен жалғауларға бөледі. Келесі бөлімде соңы @@ арқылы бөліну арқылы аффикстерге бөлінеді. Сөздің түбірі (негізі) кемінде екі әріптен тұруы керек.

Кесте 51 аффикстердің мысалдарына ішкі сегменттерге сегменттелуі көрсетілген. Жалғаулардың үлгісі жалғыз жалғау түрінен (тек К, тек Т, тек С, тек J) ғана не болмаса аффикстердің төрт түрінің (КСТJ) комбинациясына дейін болуы мүмкін.

Кесте 51 - Қазақ тілінің жалғаулардың толық тізімінен алынған жалғаулардың морфологиялық сегменттеуінен үзінді

Жалғау түрі	Жалғау	Жалғаудың сегменттелуі
К-Т-С-J	дарымызбенмін	дар@@ ы@@ мыз@@ бен@@ мін
К-Т-С	ғандарымыздан	ған@@ дар@@ ы@@ мыз@@ дан
J-К	ңыздар	ңыз@@ дар
К-Т	тарың	тар@@ ың
Т-С	мнен	м@@ нен
С	ның	ның

Қазақ тілінің CSE-моделі негізіндегі жалғаулардың толық жүйесі морфологиялық талдау мәселелерінде, сегменттеуде сөздің негізін анықтау үшін пайдалы. Нейрондық машиналық аудармдаа сөздіктің көлемін азайту өзекті тапсырмалардың бірі болып табылады. Үлкен сөздік жад қатесіне әкелуі мүмкін, себебі барлық сөздік формалар сөздікке қосылады және қажетті жад көлемін арттырады. Бастапқыда сөздік корпусың жиі кездесетін сөздері бойынша жасалды, оған жиілікті сөз формалары кірді. Бірақ корпусың барлық сөздерін жиі кездесетін сөздердің сөздігімен қамту мүмкін емес, сондықтан бұл мәселе үшін сөздердің сегменттелуі жеткілікті.

Қазақ тілі аффикстерінің жалғаулар жүйесін қолдану арқылы нейронды машиналық аударма жүйесінде сөздіктің көлемі екі есе қысқарды.

Қазақ тілінің жасалатын тілдік ресурсын тестілеуге арналған экспериментальды бөлімде қазақ тілінің 100 сөйлемі (сөз саны - 1693) алынды және сөздердің дұрыс бөлінбеуіне тексеру жүргізілді. Нәтижесінде, мәтіннен

сегменттеудің 7% қателігі болды. Бұл қателер жалғаулардың көп мағыналылығына және қате танылған сөздерге байланысты болып келеді.

Құрылған CSE негізінде құрылған стемминг, морфологиялық сегментациялаудың нәтижелері төмендегі 3.4-суретте көрсетілген.

File - the volume of the corpus in words	Number of non-repeating words	Number of words with wrong stem cut	The ratio of the correct cut off the stem in% value	File - the volume of the corpus in words
Lexicon-free stemming, morphological segmentation, morphological analysis				
exp1000.kk – 1000 sentences	5106	1337	74 %	exp1000.kk – 1000 sentences
Stemming with lexicon, morphological segmentation, morphological analysis				
exp1000.kk – 1000 sentences	5106	136	97 %	exp1000.kk – 1000 sentences

Сурет 3.4 – CSE-моделі негізіндегі стемминг, морфологиялық сегментация, морфологиялық талдау нәтижелері

Морфологиялық сегменттеудің нәтижелері тікелей стеммингке тәуелді. Лексиконға тәуелсіз стеммингке (74 %) қарағанда, лексиконға тәуелді стемминг (97 %) негізге бөлуде жақсы нәтижелерді көрсетті [60].

3-бөлім бойынша тұжырымдар

Аталмыш бөлімде қазақ тілі үшін морфологиялық сегменттеудің алгоритмі қарастырылған. Осы бөлімде құрылған CSE-моделі негізінде стемминг, морфологиялық сегменттеуді шешу алгоритмі сипатталынған

Бөлімнің бірінші бөлігінде морфологиялық сегменттеуді реляциялық деректер моделінің шешімдер кестесі қамтылды. Мұнда қазақ тілінің CSE-моделіндегі жалғаулардың морфологиялық сегменттелуі көрсетілді. Ішкі сегменттеу шешімдер кестесінен үзінділер бөлім ішінде көрсетілді, қалған толық тізім Б қосымшасында толық келтірілген. CSE-дегі 4727 жалғаудың ішкі сегменттерге жіктелінуі толық шығарылды.

Бөлімнің екінші бөлігінде құрылған CSE-моделі негізіндегі морфологиялық сегменттеу алгоритмі мен CSE-моделі негізіндегі стемминг жасау, яғни сөздің түбір формасына келтірудің алгоритмі кадам мен орындалуы сипатталынды. Морфологиялық сегменттеудің алгоритмінде 1-7 кадамының барлығы орындалулары көрсетілді. Стемминг пен морфологиялық сегменттеудің алгоритмдік кадамдары сипатталды.

4 СЕГМЕНТТЕУ ТӘСІЛІ ЖӘНЕ НЕЙРОНДЫҚ МОДЕЛІ НЕГІЗІНДЕ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕР НӘТИЖЕЛЕРІ

Ұсынылған CSE-моделі негізіндегі сегменттеу әдісі алдын ала өңдеу кезеңінде Қазақша-ағылшынша нейронды машиналық аудармада қолданылды. Бұл бөлімде ұсынылған CSE негізіндегі сегменттеу мен BPE негізіндегі сегменттеуді салыстыратын эксперименттердің нәтижелері берілген.

Нейронды машиналық аударма – бұл нейронды желі негізінде оқытылатын машиналық аударманың қазіргі таңдағы кең таралған түрі. Нейронды машиналық аударманы оқыту үлкен көлемдегі жадыны қажет етеді, сондай жүйені оқыту кезінде жады мәселесі туындайды. Сол мәселенің шешімі ретінде сегменттеу әдісі ұсынылады. Осы бөлімде қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасы үшін жалпы нейронды машиналық аудармада қолданылатын нейронды желі модельдері мен CSE-моделіне негізделген морфологиялық сегменттеу моделі қарастырылатын болады.

4.1 Нейронды желі модельдері

Нейрондық машиналық аударма жүйесі – бұл бастапқы x^1, \dots, \dots, x^n сөйлемдерін y_1, \dots, \dots, y_m мақсат сөйлемдеріне аударудың $p(y|x)$ шартты ықтималдығын тікелей модельдейтін нейрондық желі. Нейронды машиналық аударманың негізгі формасы екі компоненттен тұрады: а) әрбір бастапқы сөйлем үшін s -тің көрінісін есептейтін кодтаушы (энкодер) және б) бір уақытта бір мақсатты сөзді генерациялайтын декодер, келесідей шартты ықтималдықты жіктейді [61]:

$$\log(y|x) = \sum_{j=1}^m \log p(y_j | y_{<j}, s) \quad (4.1)$$

Аударманы кірісті ескере отырып, ең ықтимал мақсатты тізбекті табу ретінде қарастыруға болады; формальды түрде шартты ықтималдықты барынша арттыратын мақсатты реттілік $p(y | x)$ [62]:

$$y^* = \underset{y}{\operatorname{argmax}} p(y|x) \quad (4.2)$$


Қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасын Tensorflow ашық машиналық оқыту платоформасында оқыту жүргізілді [63]. Бұл оқытуда нейронды желілердің (LSTM) және (seq2seq) модельдері қолданылады. Әрбір модельдің талдауы төменде қарастырылады.

4.1.1 Рекуррентті нейронды желілер

Қайталанатын нейрондық желілер немесе РНЖ – жүйелі деректерді өңдеуге арналған нейрондық желілер тобы. Қайталанатын нейрондық желі - бұл мәндер тізбегін өңдеуге маманданған нейрондық желі. РНЖ-де уақыт қадамының индексі 1-ден τ дейінгі $x(t)$ векторлары бар. Іс жүзінде, қайталанатын желілер, әдетте, мини-пакеттің әр мүшесі үшін әр түрлі реттік ұзындықтағы осындай тізбектердің шағын пакеттерімен жұмыс жасайды. РНЖ-ні кескіндер сияқты кеңістіктік деректерге де екі өлшемде қолдануға болады, тіпті уақытқа қатысты

деректерге қолданылған кезде де, желінің барлық реті орындалғанға дейін сақталған жағдайда, уақытқа кері байланысы болуы мүмкін [64].

Төменде көрсетілген 4.1 сурет мпен 4.3-теңдеу рекуррентті желі үшін әмбебап болып саналады, өйткені Тьюринг машинасымен есептелетін кез келген функция осындай соңғы өлшемі бар рекуррентті желімен есептеліне алады. Шығыс мәліметтер рекуррентті желілерден уақыттық қадамдардан оқытыла алады, ал ол Тьюринг машинасы қолданатын уақыттық қадамдарға асимптотикалы сызықты және кіріс мәліметтердің ұзындығына да асимптотикалы сызықты болады. Тьюринг машинасы есептейтін функциялар дискретті, сондықтан бұл нәтижелер функцияның тура реализациясына жатады, жақындатуларға емес. Рекуррентті желілер Тьюринг машинасы ретінде қолданылғанда екілік тізбектілікті қабылдайды, ал оның шығысы екілік шығысты алу үшін дискреттелген болу керек. Барлық функцияларды бір белгілі рекуррентті желілінің соңғы өлшемін біле отырып есептеп алуға болады.



Сурет 4.1 – x мәндерінің кіріс тізбегін o шығыс мәндерінің сәйкес келетін реттілігімен салыстыратын рекуррентті желінің оқытудағы жоғалуын есептеуге арналған есептеу графигі

L шығыны әрбір o сәйкес оқу мақсатынан қаншалықты алыс екенін өлшейді. Шығыс мәліметтерді қолданған кезде, *softmax*-ты o - нормаланбаған логарифмдық ықтималдығы деп есептейміз. L шығыны сызықты түрде $\hat{y} = \text{softmax}(o)$ есептейді және оны y мақсат мәнімен салыстырады. Рекуррентті желі жасырын байланыстардың кіріс мәліметтері үшін U параметрленген салмақ матрицасына, жасырыннан жасырынға рекуррентті байланыстарға, W параметрленген салмақ матрицасына және V салмақ матрицасымен параметрленген жасырын-шығыс байланыстарға ие. Бұл модельде (3) теңдеуі тура таралуды анықтайды. Сол жақта: РНЖ және оның жоғалуы қайталанатын қосылыстармен. Оң жақта: уақыт бойынша ашылған есептеу графигі ретінде қарастырылады, онда әр түйін енді белгілі бір уақыт данасымен байланысты.

Алға тарату алғашқы $h(0)$ жағдайын беруден басталады. Содан кейін, әрбір $t = 1$ -ден $t = \tau$ -ға дейінгі уақыттық қадамдар аралығында үшін келесі теңдеулерді қолданамыз (3-6) [64]:

$$a^{(t)} = b + W(t - 1)^{(t-1)} + Ux^{(t)} \quad (4.3)$$

$$h^{(t)} = \tanh(a^{(t)}) \quad (4.4)$$

$$o^{(t)} = c + Vh^{(t)} \quad (4.5)$$

$$y^{(t)} = \text{softmax}(o^{(t)}) \quad (4.6)$$

мұндағы, U , V және W параметрлері салмақ матрицаларымен бірге b және c ығысу векторлары болып табылады. Бұл – кіріс тізбегін бірдей ұзындықтағы шығу тізбегімен салыстыра алынған қайталанатын желінің мысалы.

4.1.2 Тізбектіліктен тізбектілікке (seq2seq) моделі


Тізбектіліктен тізбектілікке моделі бойынша (seq2seq) машиналық аударма, сөйлеуді тану және ақпараттық іздеу, машиналық аударма сияқты әр түрлі тапсырмаларда үлкен жетістікке жетті. Тізбектілік бойынша модельдер (seq2seq) – бұл машиналық аударма, мәтінді жинақтау, суретті аннотациялау және т.б. Seq2seq модельдерінің негізі ретінде 2014 жылы екі мақаланың жариялануынан бастау алды [65,] [66].

Тізбектіліктен тізбектілікке моделінің алғаш рет сәтті қолданылуы машиналық аудармада орын алды. Алғашқы нейронды машиналық аударма жүйелері сөйлемді сөз тіркестеріне бөле отырып, сөз тіркестері (немесе фразалар) арқылы аударма жасайтын, ал одан алынған аударманың сапасы нашар болды және ол аударманы түсіну қиынға соғатын. Кез келген адам алдымен толық сөйлемді оқу арқылы мағынасын түсінеді. Нейронды машиналық аударма да адам жасайтын аударма принципі негізінде жұмыс жасайды. Бұл аударма да толық сөйлемді оқиды да, оның салмақтық шамасын тағайындайды. Нақтырақ айтсақ, нейронды машиналық аударма жүйесі алдымен сөйлемнің мағынасын білдіретін векторды, сонан соң сандар тізбегін құру үшін кодер көмегімен бастапқы сөйлемді оқиды. Ал, декодер аударма шығару үшін сөйлем векторын өңдейді. Мұндай жұмыс принципімен кодер-декодер (encoder-decoder) архитектурасы деп атайды (Сурет 4.2).

Нейронды машиналық аударма модельдері солардың нақты архитектурасы бойынша ерекшеленеді. НМА модельдерінің ішінде жиі қолданылатыны – рекурентті нейрондық желі (РНЖ). Әдетте, РЖН кодер де, декодер үшін қолданылады. Бұлар РНЖ модельдері бағыты бойынша, деңгей тереңдігіне, түріне байланысты жіктелінеді.

РНЖ белгіленген вектор ұзындығын тізбекті түрде көрсете алады. РНЖ-ге кіретін кірісті «мәнмәтін (контекст)» деп атайды және оны S түрінде белгілейді. S мәнмәтіні $X = (x^{(1)}, \dots, \dots, x^{(n_x)})$, тізбегін жинақтайтын вектор немесе векторлар тізбегі болуы мүмкін.

Мұндағы идея өте қарапайым: 1) Кодер немесе оқу құралы, немесе РНЖ кірісі кіріс тізбегін өңдейді. Кодер S контекстті әдетте оның соңғы жасырын күй жағдайының қарапайым функциясы ретінде шығарады. 2) $Y = (y^{(1)}, \dots, \dots, y^{(n_y)})$ шығыс тізбегін құру үшін, декодер немесе жазушы, немесе РНЖ шығысы бекітілген ұзындықтағы векторды генерациялайды.



Сурет 4.2 – Енкодер-декодер архитектурасының кескіні

Тізбектіліктен тізбектілікке архитектурасында оқыту іріктемесінен x және y барлық жұп тізбектілігі бойынша $\log P(y^{(1)}, \dots, y^{(n_y)} | x^{(1)}, \dots, x^{(n_x)})$ орташа мәнін максимизациялау үшін екі РНЖ бірге оқытылады. РНЖ коддерінің h_{n_x} соңғы жағдайы декодер үшін кіріс мәлімет ретінде C -ның кіріс тізбектілігінің бейнесі ретінде қолданылады.

Егер C вектор болса, онда ол жай РНЖ түріндегі вектор-тізбектілік. Бұл модельде кодер декор сияқты жасырын деңгей өлшемі бірдей болу керек деген қажеттілік жоқ. Мұнда, тек бір шектеу бар, ол РНЖ коддеріне енгізілген мәнмәтін C ұзын тізбектілікті дұрыс гегерациялау үшін өте аз өлшем кезінде.

[67] жұмыста айтылған бұл модельді машиналық аудармада қолданған. Олар C мәнмәтінің бекітілген вектор өлшемі емес, айнымалы ұзындығының тізбектілігі ретінде жасауды ұсынған. Сонымен қатар, олар жұмыстарында назар аудару механизмін (attention mechanism) ұсынды. Ол C тізбектілік элементтерін шығыс элементтер тізбектілігімен байланыстыруды үйренеді.

Назар аудару механизмі үш компоненттен тұра алады:

1) Өңделмеген мәліметтерді оқытын процесс және ол оларды әр сөз позициясымен байланысты бір функция векторы бар үлестірілген бейнелерге түрлендіреді.

2) Шығыс мәліметтерді сақтайтын векторлар сипаттамасының тізімі. Мұны бір тәртіпте емес, кейінірек алуға болатын фактілер тізбегі бар жады деп түсінуге болады.

3) Жадтың мазмұнын кез келген тапсырманы орындау үшін пайдаланатын, әр қадамда бір жад элементінің мазмұнына назар аудару мүмкіндігі бар (немесе әр түрлі салмағы бар бірнешеу) процесс.

Үшінші компонент аударылған сөйлемді генерациялайды.

$\alpha^{(t)}$ салмақтары бар $h^{(t)}$ функциясының векторларының орташа алынған мәнін алу арқылы құрылған контекстік вектор алынады. Кейбір қосымшаларда h функционалды векторлары нейрондық желінің жасырын бірліктері болып табылады, бірақ олар сонымен қатар модельге өңделмеген кіріс болуы мүмкін. $\alpha^{(t)}$ салмақтарын модельдің өзі шығарады. $\alpha^{(t)}$ салмақтары, әдетте, үлгінің басқа бөлігі шығаратын сәйкестік көрсеткіштеріне softmax функциясын қолдану арқылы шығарылады. Олар әдетте $[0,1]$ интервалындағы мәндер болып табылады және тек бір $h^{(t)}$ шоғырландыру үшін арналған, сондықтан белгілі бір уақыттық қадамға шамамен орташа өлшенген мәнге оқуға сәйкес.

Назар аудару механизмі есептеу қатынасында қалайтын $h^{(t)}$ -ны тура индекстеуден қымбатырық, бірақ тура индекстеу градиенттік түсім көмегімен оқытыла алмайды. Орташа өлшенген мәндерге негізделген назар аудару механизмі өзін бірқалыпты дифференциалды жақындату болып көрінеді және оны бар тиімділеу алгоритмдері көмегімен оқытуға болады.


4.1.3 Ұзақ мерзімді есте сақтау желілері (LSTM)

Ұзақ мерзімді есте сақтау желілері-әдетте «LSTM» деп аталады-ұзақ мерзімді тәуелділікті үйренуге қабілетті РНЖ-нің ерекше түрі. Оны [68] жұмыста авторлар ұсынды және оларды көптеген зерттеушілер өз жұмыстарында жетілдірді [69]. Олар көптеген мәселелер бойынша өте жақсы жұмыс істейді және қазір кеңінен қолданыс тапты. LSTM ұзақ мерзімді тәуелділік мәселесін болдырмауға арналған.

Градиент ұзақ уақытқа созылатын жолдарды құру үшін өзіндік циклды енгізу туралы ойластырылған идея-қысқа мерзімді жадтың бастапқы моделінің (LSTM) үлкен үлесі болып табылады [69]. Бұл жабық циклдің салмағын жасау арқылы (басқа жасырын блокпен басқарылады) интеграцияның уақыт шкаласы динамикалық түрде өзгертіле алады. Бұл жағдайда біз LSTM тіркелген параметрлері үшін де интегралдаудың уақыт шкаласы кіріс реттілігіне байланысты өзгеруі мүмкін дегенді білдіреміз, себебі уақыт тұрақтыларын модельдің өзі шығарады.

LSTM блок-схемасы сурет 4.3-те көрсетілген. Кіші рекуррентті желі үшін тура таралудың сәйкес теңдеулері төменде келтірілген.

Ұяшықтар бір-бірімен мерзімді түрде әдеттегі қарапайым рекуррентті желілерді жасырын блоктарын алмастыра отырып, байланысып отырады. Кіріс сипаттамасы қарапайым жасанды нейронды блоктың көмегімен есептеледі. Егер сигмоидты кіріс қақпасы рұқсат етсе, оның мәні күйде жиналуы мүмкін.



Сурет 4.3 – LSTM рекуррентті желісінің «ұяшығының» блок-схемасы

Күй блогында сызықты ілмек бар, оның салмағы ұмыту қақпасымен (немесе шұрасымен) басқарылады. Ұяшықтың шығысы шығатын қақпамен жабылуы мүмкін. Барлық стробидті құралдарда сигма тәріздес сызықтық емес бар, ал кіріс модулінде кез келген қысу сызықты емес болуы мүмкін. Күй блогын стробтау блоктары үшін қосымша кіріс ретінде пайдалануға болады. Қара шаршы бір қадамдық қадамның кешігуін білдіреді.

LSTM қайталанатын желілерінде РНЖ сыртқы қайталануынан басқа, ішкі қайталануы (өзіндік цикл) бар “LSTM ұяшықтары” бар. Әр ұяшықта кіру мен шығудың кәдімгі қайталанатын желісі бірдей, бірақ сонымен бірге ақпарат ағынын басқаратын параметрлер мен кіру қондырғылары жүйесі бар. Ең маңызды компонент - алдыңғы бөлімде сипатталған ағып кететін блоктарға ұқсас сызықтық ілмегі бар жағдай $s_i^{(t)}$ блоктары. Бұл жерде өзін-өзі басқарудың салмағы (немесе онымен байланысты уақыт тұрақтысы) $f_i^{(t)}$ (t қадамы мен i ұяшығына арналған) ұмыту блогымен бақыланады, ол бұл салмақты сигмоидты блок арқылы 0 мен 1 арасындағы мәнге қояды:

$$f_i^{(t)} = \sigma \left(b_i^f + \sum_j U_{i,j}^f x_j^{(t)} + \sum_j W_{i,j}^f h_j^{(t-1)} \right) \quad (4.7)$$

Мұндағы $x^{(t)}$ – ағымдағы кіріс вектор, ал $h^{(t)}$ – LSTM-ның барлық шығыс ұяшықтарынан тұратын ағымдағы жасырын деңгей векторы, ал b^f , U^f , W^f сәйкесінше ығысу, кіріс салмақтар, ұмыту қақпасы(блогы) үшін рекуррентті салмақтар. Сонымен, LSTM ұяшығының ішкі жағдайы келесідей жаңартылады, бірақ шартты ілмек $f_i^{(t)}$ салмағымен:

$$s_i^{(t)} = f_i^{(t)} s_i^{(t-1)} + g_i^{(t)} \sigma \left(b_i^f + \sum_j U_{i,j}^f x_j^{(t)} + \sum_j W_{i,j}^f h_j^{(t-1)} \right) \quad (4.8)$$

мұндағы b , U және W сәйкесінше LSTM ұяшығына кірісті, кіріс салмағын және рекурентті(қайталанатын) салмақты білдіреді. *Сыртқы кіру қақпасының блогы* $g_i^{(t)}$ ұмытылатын қақпаға ұқсас есептеледі (сигма тәрізді қондырғымен 0 мен 1 арасындағы кіру мәнін алу үшін), бірақ өзіндік параметрлерімен:

$$g_i^{(t)} = \sigma \left(b_i^g + \sum_j U_{i,j}^g x_j^{(t)} + \sum_j W_{i,j}^g h_j^{(t-1)} \right) \quad (4.9)$$

LSTM ұяшығының $h_i^{(t)}$ шығысы $q_i^{(t)}$ шығыс қақпасы арқылы да өшіріліне алады, ол да өз кезегінде стробтау үшін сигмоидтық блокты қолданады (10), (11):

$$h_i^{(t)} = \tanh \left(s_i^{(t)} \right) q_i^{(t)} \quad (4.10)$$

$$q_i^{(t)} = \sigma \left(b_i^o + \sum_j U_{i,j}^o x_j^{(t)} + \sum_j W_{i,j}^o h_j^{(t-1)} \right) \quad (4.11)$$

оның параметрлері, сәйкесінше ығысуы, кіріс салмақтары мен рекурентті (қайталанатын) салмақтары үшін b^0 , U^0 , W^0 параметрлері бар. Опциялардың ішінде сурет 2.3-те көрсетілгендей, i -ші блоктың үш қақпасы үшін $s_i^{(t)}$ ұяшық күйін қосымша кіріс (оның салмағымен) ретінде пайдалануды таңдауға болады.. Бұл үш қосымша параметрді қажет етеді.

LSTM желілері ұзақ мерзімді тәуелділікті қарапайым итеративті архитектурадан гөрі оңай үйренетіндігі көрсетілді, ал ең алдымен ұзақ мерзімді тәуелділікті үйрену қабілетін тексеруге арналған жасанды деректер жиынтығында көрсетті.


4.2 Машиналық оқытуға мәліметтерді дайындау

Қазақ-ағылшын параллель корпустары мемлекеттік агенттіктер сайттарының жаңалықтар бөлімінен жиналды (Кесте 52). Параллель корпуста бос орынмен белгіленген әр жолда бір сөйлем бар. Жиналған корпустар жиналып, тазартылып, тегістелді. Алынған қазақ-ағылшын параллель корпусы токенизация, қалыпқа келтіру және араластыру арқылы алдын ала өңделді.

4.4 суретте құрылған CSE-моделі негізіндегі морфологиялық сегменттеудің қазақ тілінің машиналық аудармасында қолданылуы көрсетілген.

Қазақ тілі аз ресурсты тілге жатады. Қазақ тілі үшін сапалы, үлкен көлемді параллельді копусты жинау табиғи тілді өңдеудегі өзекті мәселенің бірі болып табылады. Қазақ тілі үшін корпусты жинау және өңдеу жұмыстары [70-75] қарастырылған.

Параллельді корпус – түпнұсқа тілдегі мәтіндер мен оның аудармасының жиынтығы.



Сурет 4.4 – Морфологиялық сегменттеудің қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасында орындау және қолдану үрдісінің сұлбасы

Сұлбадағы қазақ-ағылшын тілдерінің параллель корпусы 109 772 сөйлемнен тұрды [76], онда 80 000 сөйлем машиналық аударма жүйесін оқыту үшін пайдаланылды, ал қалғандары екі жиынға бөлінді, яғни тест(test) және әзірлеуші (dev). Тест және әзірлеу файлдары сәйкесінше 15 000 және 14 772 сөйлемдерден тұрады.

Параллельді корпус Қазақстан Республикасының ресми сайттарынан жинастырылды. Кесте 52-де жиналған және теңестірілген параллельді корпусстардың саны көрсетілген.

Кесте 52 - Өртүрлі веб-сайттардан жиналған параллельді корпусстың сөйлемдер саны

Корпус аты	Сөйлем саны
Akorda	40 661
Prime minister	6 680
mfa.gov	9 895
economy.gov	6 550
strategy2050	45 986
Барлығы:	109 772

Параллелді корпус алдын-ала өңдеу үрдісінен өтеді, морфологиялық сегменттеуге дейін. Алдын-ала өңдеу келесілерден тұрады: нормалау, токенизациядан. Токенизация мәтінді өңдеудегі ең алғашқы қадам болып табылады. Ол мәтіннің ұзын жолдарын кішірек жолдарға бөлуден тұрады: абзацтарды сөйлемге, сөйлемдерді сөзге бөледі. Нормалау – жоғары сапалы өңдеу үшін мәтінді нормалау. Бұл бірқатар операциялар, соның нәтижесінде

мәтін «нақтыланған» пішінге дейін қысқарады: барлық сөздер бір регистрге келтіріледі, тыныс белгілері жойылады, және т.б. Нормалау мәтінді өңдеу әдістерін біріздендіру үшін қажет.

Келесі қадам CSE-моделі негізіндегі морфологиялық сегменттеу орындалады. Өңделген параллельді корпус аталған әдіс негізінде негіз бен жалғаулар сегменттеріне бөлшектенеді. Сегменттелген мәтін ары қарай NMT жүйесінде оқытуға жіберіледі. Нейронды машиналық аудармада оқытудың конфигурация параметрлері келесі 4.2 бөлімде толығырақ сипатталынған.

4.3 Эксперименттік тәжірибелер

Мәтінді сегменттеу үлгісі ретінде қазақ тілінің жалғаулардың толық жүйесі (CSE) алынды. Қазақ тіліндегі сөздерді сегменттеу бағдарламасы (программасы) қазақ тілінің жоғарыда айтылған CSE-моделі негізінде жасалды.

Сегменттеудің әзірленген бағдарламасының басқа аналог программалардан айырмашылығы - ол сөзді статистикалық есептеулерге емес, сөздің грамматикалық ерекшеліктеріне қарай бөледі. Бұл сегменттеудегі морфемиканың маңыздылығын ескеруге мүмкіндік береді. Сегменттеу нәтижелері бойынша сөздер морфемаларға бірегей таңбалар жиынтығымен бөлінеді «@@».

CSE моделі негізінде жасалған морфологиялық сегменттеудің препроцессоры бастапқы мәтіннің сөздерін негіздер мен жалғауларға бөледі. Қазақ тіліндегі түпнұсқа корпус мәтіндегі сөздер @@ белгісі арқылы негіздер мен жалғауларға бөлінді.

CSE моделіне негізделген морфологиялық препроцессордан кейін қазақ-ағылшын тілідік жұбын нейронды машиналық аудармасын 100 000 эпохпен оқыту дайындалған мәліметтермен (параллель корпустар жазбаларының 90%) жүргізілді. CSE үлгісіне негізделген сегменттеу бар қазақ-ағылшын тіліндегі жұптың NMT тестілеуі тест деректерінің 93% дұрыс сегменттеу сапасын көрсетті (параллель корпустардың жазбаларының 10%).

Барлық тәжірибелерді моделдеу үшін TensorFlow [63] «тізбектілік тізбектілікке» моделін қолданылды және келесідей гиперпараметрлер пайдаланылды:

- 2-деңгейлі LSTM seq2seq моделі
- 1 024 жасырын блок өлшемі
- 0.2 түсу параметрі(dropout)
- екі бағытты энкодер (яғни бір екібағытты деңгей үшін энкодер)
- қосалқы сөздің нұсқасы (subword-option)
- Адам оптимизаторы
- 1.0 оқыту жылдамдығы
- 100 000 оқыту қадамы
- 128 эпох
- 50 максималды тізбектілік ұзындығы

Стандартты параметрлерді оқыту қадамдары мен бірліктердің саны калибрлеу арқылы тексерілді. Токтату кезінде әрбір 1000 қайталау кезінде бір бақылау пункті сақталды. Оқытудың ұзақтығы 100000 эпохты құрады.

Эпох – бұл оқу процесіндегі бір итерация, соның ішінде оқу жиынынан барлық мысалдарды көрсету, сонымен қатар бақылау жиынында оқыту сапасын тексеру де мүмкін.

Қазақ тіліндегі оқыту корпусы CSE-ге негізделген сегменттеу әдісін қолдана отырып, әр сөздің негізі мен жалғаулар тізбектілігіне сегменттелді. Қазақ-ағылшын параллель корпустарындағы қазақ тіліндегі мәтін негіздер мен аффикстердің тізбектілігіне BPE негізіндегі сегменттеудегідей @@ арқылы бөлінді. NMT сөздігі үш немесе одан да көп рет кездесетін сөздерді қамтитын оқу файлындағы сөздердің жиілігіне негізделген. Екі әдіспен жүргізілген эксперименттерде сөздікте параллельді корпуста сөздің жиілігі үштен көп сөздер алынды. CSE-моделі нешізінде алынған сөздікте сөздің негіздері болса, BPE-негізіндегі сөздікте сөздің әртүрлі формасындағы сөздер де болды. Сөздіктің тым үлкен көлемі оқыту кезінде жады мәселесін тудырады. Жұмыста құрылған әдіс негізінде сөздік көлемі шамамен 2,5 есе кішірейді.

Нейронды машиналық аудармадағы аталған сегменттеу әдіснама негізіндегі қазақ тілінің сөздігінің көлемі азаюының саны Кесте 53-те берілген.

Кесте 53 - Сегменттелген Қазақ - Ағылшын тілдік жұбындағы сөздік көлемі

Сөздік түрі	Сөздік көлемі
BPE сегменттеу	27 533
CSE сегменттеу	12 794

Эксперимент нәтижелері BLEU құралымен бағаланды. Бұл мәндер нейронды машиналық аударма жақсы сапасын анықтау үшін жеткіліксіз болып саналады. Бұл нәтиженің негізгі себебі - бұл жұптық тілді нейрондық желіде оқыту үшін жеткілікті деректердің болмауы. Нақты тәжірибеде нейронды машиналық аударманы оқыту үшін бірнеше миллион сөйлемнен тұратын бастапқы деректерді қолдану ұсынылады [77-78]. Алайда, қазақ тілі үшін, сондай-ақ түрік отбасының басқа тілдері үшін түрік тілінен басқа жеткілікті үлкен параллель корпустар жоқ және көлемі жағынан өте аз.

Алайда, байттық жұпты кодтауға (BPE) негізделген сегменттеумен салыстырғанда, ұсынылған CSE негізіндегі сегменттеу BLEU баллын орта есеппен қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ жұптары үшін 0,5 және 0,2 пунктке арттырады және нейронды Қазақ тілінің машиналық аудармасын оқыту кезінде жады көлемін 2 есе кішірейтті.

Нейронды машиналық аударма сөздігінің көлемінің ұлғаюын былай түсіндіруге болады. BPE-ге негізделген сегменттеу бар нейронды машиналық


аудармада қазақ тіліндегі мәтіннің кейбір сөздері бүтін сөздер ретінде қалып қалады, яғни бөлінбеген күйде болады, себебі сегмент бүкіл сөзге қарағанда аз кездеседі. Ал, CSE негізіндегі сегменттеу бар нейронды машиналық аудармады, жалғауы бар барлық сөздер сегменттеледі. Мысал үшін, «Қазақстанның» сөзі базалық жүйеде сегменттелмеген бүтін сөз ретінде қалды, ал ол «Қазақстан @@ның» деп CSE-ге негізделген әдісте дұрыс сегменттелді.

Сондықтан ұсынылған CSE-ге негізделген сегменттеу кезінде нейронды машиналық аудармасындағы сөздік қорының көлемі ВРЕ-ге негізделген сегменттеудегіге қарағанда екі есе аз. Бұл нейронды машиналық аударманы оқытуда туындайтын жады мәселесін шешті.

4.4. CSE-негізіндегі сегменттеудің программалық жабдықтамасы


Бағдарламаны Python интерпретаторындағы «cse_updated.py» модулін шақыру немесе пәрмен жолы арқылы іске қосуға болады. Бағдарламаны іске қоспас бұрын түркі тілдерінің бірінде сегменттелетін «words_train.txt» файлын (мәтінін) дайындау қажет (Сурет 4.2). Файл атауын (қолданушы қалауы бойынша) өзгертуге болады, алайда атын өзгерткен жағдайда оны бағдарлама кодында атын өзгерту керек:

```
with open("words_train.txt", encoding="utf-8") as f:
    with open("words_train.txt", encoding="utf-8") as f:
```



Сурет 4.2 – Морфологиялық сегменттеу бағдарламасының барлық файлдары

Әрі қарай, «words_train.txt» файлын морфологиялық сегменттеуге дайындағаннан кейін біз бағдарламаны іске қосамыз. Бағдарламаны іске қосу Pycharm-да көрсетілген (Сурет 4.3). Pycharm — Python бағдарламалау тіліне арналған біріктірілген әзірлеу ортасы.



Сурет 4.3 – Pycharm ортасында ашылған бағдарлама файлы

CSE үлгісіне негізделген түркі тілдеріндегі сөздерді морфологиялық сегменттеу бағдарламасының жұмыс істеуі үшін келесі файлдар қажет:


- “words_train.txt” – оқыту үшін файл,
- “stop_words.txt” – стоп сөздер,
- “truestems.txt” – стем сөздігі,
- “affixes.xls” – CSE жалғаулардың толық тізімі.

Стоп сөздер - мәтінді өңдеуге дейін /кейін мәтіннен алынып тасталынатын немесе есепке алынбайтын сөздер. Мәтіндерге машиналық оқытуды қолданғанда, мұндай сөздер көп шу қосуы мүмкін, сондықтан қатысы жоқ сөздерден арылу керек. Стоп сөздер әдетте мағыналық жүк көтермейтін артикльдер, шылаулар, жалғаулықтар және т.б. болуы мүмкін. CSE-моделі нешіндегі морфологиялық сегменттеуде сондай айрықша сөздер тізімі бар және олардың саны 114-ке тең.

Ал, сегменттеу кезінде айрықша стем немес негіздер болуы мүмкін, яғни негізді сегменттеуде жалғаудың көпмәнділігі туындауы мүмкін. Мысалы, “алмұрт” деген түбірдің соңғы әрпі “т” етіс жалғауымен жаңылысуы мүмкін сегменттеу кезінде, осындай жағдайларды болдырмас үшін, шынайы негіз сөз тізімі құрылған. Сондай негіздердің тізімі “truestems.txt” файлында сақталынған. Жалпы файлдағы мұндай негіздердің саны – 567.


“words_train.txt” – нейронды машинаылық аударманы оқытуда қолдантылатын корпус.

Содан кейін бағдарлама жоғарғы оң жақ бұрыштағы «▶» түймесін басу немесе «Іске қосу» қойындысындағы «Іске қосу» түймесін басу арқылы іске қосылады. Бұған қоса, оны «CTRL+SHIFT+F10» пернелер тіркесімін басу арқылы іске қосуға болады (Сурет 4.4).




Сурет 4.4 – Бағдарламаны іске қосу көрінісі

Іске қосқаннан кейін келесі хабарлама пайда болады: «Мәтін сегменттелген(Text is segmented)» (сурет 4.5)



Сурет 4.5 – Бағдарлама шығысы

Бағдарламаның шығысы бағдарлама және барлық файлдар сақталатын баптамада сақталады (сурет 4.6).



Сурет 4.6 – Бағдарлама нәтижесі

Бағдарламаның нәтижесі «words_train_CSE» деп аталатын файлға шығарылады, сақталатын файлдың атын кодты басқа атқа өзгерту арқылы өзгертуге болады.

4.5. Алынған нәтижелер талдауы

Тәжірибелер орындау кезінде оқыту кезеңі үшін әртүрлі сегменттеу опциялары қолданылды және олар келесідей:

- Ағылшын тілінде корпус бөлігі бойынша: сегменттеу жоқ; Қазақ тіліндегі корпус бөлігі бойынша: CSE - негізіндегі сегменттеу

- Ағылшын тілінде корпус бөлігі бойынша: сегменттеу жоқ; Қазақ тіліндегі корпус бөлігі бойынша: BPE сегменттеу

- Қазақ тіліндегі корпус бөлігі бойынша: CSE - негізіндегі сегменттеу; Ағылшын тілінде корпус бөлігі бойынша: сегменттеу жоқ

- Қазақ тіліндегі корпус бөлігі бойынша: BPE сегменттеу; Ағылшын тілінде корпус бөлігі бойынша: сегменттеу жоқ.

Кесте 54-те қазақ тілінің машиналық аудармасында оқытудың әртүрлі опцияларының тәжірибелік нәтижелері келтірілген.

Кесте 54 - Қазақ-Ағылшын тілдік жұбы үшін әртүрлі сегменттеу параметрлерімен оқыту нәтижелері

Тілдік жұп	Оқыту опциясы:тілдік жұптың сол жақ – оң жағы	Test, BLEU
Ағылшын– Қазақ	сегменттеу жоқ – CSE сегменттеу	17.9
Ағылшын– Қазақ	сегменттеу жоқ – BPE сегменттеу	17.7
Қазақ- Ағылшын	CSE сегменттеу – сегменттеу жоқ	25.3
Қазақ- Ағылшын	BPE сегменттеу – сегменттеу жоқ	24.8

Эксперимент нәтижелері BLEU құралымен бағаланды. BLEU (Bilingual Evaluation Study) – бір табиғи тілден екінші табиғи тілге автоматты түрде аударылған мәтіннің сапасын бағалауға арналған алгоритм. Сапа машина мен адамның өнімділігі арасындағы сәйкестік ретінде қарастырылады: «аударма машинасы адамның кәсіби аудармасына неғұрлым жақын болса, соғұрлым ол

жақсырақ» - бұл BLEU-нің негізгі идеясы. BLEU адам сапасының пайымдауларымен жоғары корреляцияға қол жеткізген алғашқы көрсеткіштердің бірі болды және ең танымал автоматтандырылған көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл мәндер нейронды машиналық аударма жақсы сапасын анықтау үшін жеткіліксіз болып саналады. Бұл нәтиженің негізгі себебі - бұл жұптық тілді нейрондық желіде оқыту үшін жеткілікті деректердің болмауы. Нақты тәжірибеде нейронды машиналық аударманы оқыту үшін бірнеше миллион сөйлемнен тұратын бастапқы деректерді қолдану ұсынылады [77-78]. Алайда, қазақ тілі үшін, сондай-ақ түрік отбасының басқа тілдері үшін түрік тілінен басқа жеткілікті үлкен параллель корпустар жоқ және көлемі жағынан өте аз.

Алайда, байттық жұпты кодтауға (BPE) негізделген сегменттеумен салыстырғанда, ұсынылған CSE сегменттеу BLEU баллын орта есеппен қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ жұптары үшін 0,5 және 0,2 пунктке сәйкесінше арттырды. Сонымен қатар, нейронды машиналық оқыту кезінде сөздіктің көлемін 2,5 еседей азайтты және жады мәселесін шешті.

4-бөлім бойынша тұжырымдар

Аталған бөлімде құрылған CSE-моделі негізінде нейронды машиналық аудармада жасалған эксперименттік тәжірибелер және оның талдауы көрсетілген. Тәжірибелер нейронды машиналық аудармада қолдану тиімділігін көрнекі түрде көрсету мақсатымен көрсетілген.

Бұл бөлімде қазақ тілінің нейронды машиналық аудармасын оқытудың гиперпараметрлері анықталып, сипатталынды.

Диссертациялық жұмыста жасалған әдіс пен нейронды машиналық аудармада кең таралған BPE сегменттеу әдісімен де эксперименттік тәжірибе жасалынып, екі әдістің нәтижелері талданылып, салыстырылды. Жасалған тәжірибелердің сандық сапа көрсеткіштері аталған бөлімнің ішінде келтірілді. Құрылған CSE морфологиялық сегменттеу нейронды машиналық аудармада қазақ-ағылшын ағылшын-қазақ тілдік жұптары үшін 0,5 және 0,2 сәйкесінше BLEU апаны бағалау көрсеткішінде жақсарту берді. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі берілген алғашқы мәтінді морфологиялық сегменттеу нейронды машиналық аударманы оқытуда қажет ететін сөздіктің көлемін 2,5 еседей қысқартты, бұл өз кезегінде оған дейін бет алған жады мәселесін шешті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста келесідей нәтижелер алынды:

1. Қазақ тілінің CSE-моделі құрылды
2. Алғаш рет қазақ тілі үшін CSE-моделіне негізделген морфологиялық сегменттеудің жаңа әдісі әзірленді және ұсынылды.
